



ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ҚАТЫНАСЫ: БАУЫРЛАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТҚАН БАСТАМАЛАР

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстанға екі күндік ресми сапармен барып қайтты.

Мемлекет басшысының Түрікменстанға ресми сапары Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесуден басталды. Қасым-Жомарт Тоқаевты түрікмен халқының көшбасшысы Ашхабад әуежайынан қарсы алды. Президент ұшағының трапы алдында Құрмет карауылы сап түзеп тұрды. Құрмет карауылының бастығы рапорт бергеннен кейін екі елдің әнұрандары орындалды.

Мемлекет басшысы қонақжайлық танытқаны үшін Халк Маслахатының төрағасына ризашылық білдірді. Сондай-ақ Гурбангулы Бердімұхамедовтің Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы қарым-қатынасты



нығайтуға зор үлес қосқанын атап өтті.

Президент қазақ-түрікмен ынтымақтастығы достық, тату көршілік және өзара қолдау рухында қарқынды дамып келе жатқанына ерекше назар аударып, Түрікменстанға ресми сапарының мақсаты екі елдің

стратегиялық серіктестігін жаңа деңгейге шығару екенін айтты.

– Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамыту мәселесіне зор жауапкершілікпен қараймыз. Біз – стратегиялық серіктес елдерміз. Жаңа Бірлескен үкіметаралық комиссияның

жұмысы туралы айтып өттіңіз. Мен де оның қызметін бақылап, Үкіметке бағыт-бағдар беріп, қандай шешім қабылдау керек екенін нұсқап отырамын. Өйткені біз үшін Түрікменстанмен достық байланыс басты басымдықтардың бірі саналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, оның Түрікменстанға ресми сапары аясында қол жеткізілетін уағдаластықтар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті тереңдетуге ықпал ететініне сенім білдірді. Өңгімелесу барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттары егжей-тегжейлі талқыланды.

Одан соң Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Ашхабад төрінде ұлттымыздың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты.

Ең алдымен, Қасым-Жомарт Тоқаев Гурбангулы Бердімұхамедов пен түрікмен халқына Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына орай арнайы шығарылған медальмен марапаттағаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар мұны екі ел арасындағы өзара сый-құрмет пен достықтың белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді. Мемлекет басшысы салтанатты жиында сөйлеген сөзінде бұл ескерткіштің ашылуын түрікмен бауырлардың қазақ халқына айрықша құрметінің көрінісі деп санайтынын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ НОМАДТЫҚ ҮЛГІСІ

Қазақ халқының мұсылманшылдығы Құдайға деген сенімі (ақида ілімі) мен құлшылығында (ғибадат бабы) ғана көрініс тапты. Ал шарифаттағы мемлекеттік басқару (ахқамус-султания), азаматтық істер (муамалат), қылмыстық істер (уқубат), отбасылық істерінде (ахуал-шахсия) жоғарыда көрсетілген дала заңдарын басшылыққа алды. Өйткені шарифи заңдардан қарағанда дала заңдары көшпелі ғұмырдың мәселелерін әділ әрі тура шешетін. Мысалы, қазақтардың билікті қасиетті санап, оны алтын ұрық өкілдеріне (төрелер) тапсыруы, құқықтық билікті билер мен шешендерге беруі, әскери билікті батырлардың еншісіне қалдыруы, қылмыстық істерге қатаң жазалар тағайындауы, әлеуметтік істерді рулық-туысшылдық қатынастар арқылы шешуді басшылыққа алуы тағы басқа құқықтық нормалар көшпелі халықтың мүддесіне дәлме-дәл сай келетін.



→ 11

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ӘБЕ – ӘДЕБИЕТ АЛЫБЫ



→ 8-9

МАТАЛАРДЫҢ «АТАСЫ» – ЖІБЕК



→ 10

Айбар ОЛЖАЙ, ЭКОНОМИСТ:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ДОКТРИНАСЫНА САЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Әлеуметтік желі – мыңдаған шақырымдарды бір-бірімен байланыстырған ауқымды коммуникация құралы. Қазір күллі жаһанды жаулаған әлеуметтік желінің әлеуеті көптің пайдасына жарап тұр. Дегенмен таяқтың екі ұшы болатыны секілді, желі адамзатқа шексіз мүмкіндіктерімен қоса кері ықпалын да алып келді.



→ 5

САЯСАТ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ҚАТЫНАСЫ: БАУЫРЛАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТҚАН БАСТАМАЛАР

(Басы 1-бетте)

— Абай — әлемдік ауқымдағы алып тұлға. Оның шығармалары бүкіл адамзаттың асыл мұрасына айналды. Жер жүзіндегі көптеген қалада хақим Абайдың ескерткіші бар. Ұлы ақын саналы ғұмырын ағарту ісіне арнады. Абай «Талап қыл артық білуге» деп, өнер-білім философиясын кеңінен насихаттады. Ол теңдессіз туындылары арқылы мызғымас құндылықтарды дәріптеді. Жұртты отаншылдыққа, білімпаздыққа, еңбекқорлыққа баулады. Жақсылық пен парасаттылыққа үндеді. Ашхабадта Абай ескерткішінің ашылуы — бауырластығымызды нығайта түсетін бірегей бастама, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент биыл Астанада түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының ескерткіші ашылғанын еске салып, қазақ елі түркі жұртына ортақ тұлғаның шығармашылығына зор құрметпен қарайтынын жеткізді.

— Шын мәнінде, Абай мен Мақтымқұлы еңбектері — түркі дүниесінің құнды қазынасы. Оны сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру — баршамызға ортақ міндет. Ұлы ақындарымыздың поэзиясында өзара сабақтастық мысалдары көп. Біз — түбі бір, тарихы ортақ, тілі мен мәдениеті ұқсас халықтармыз. Осы бауырластық елдеріміздің қарым-қатынасына арқау болып отыр. Қазір бұл байланыс стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатыр. Түрікменстанға бүгінгі ресми сапарым — соның айқын дәлелі. Абайдың ескерткіші қазақ-түрікмен достығының символына айналады деп сенемін, — деді Президент.

Өз кезегінде Түрікменстан Халқ Мәжілісінің төрағасы бауырлас халықтардың тарихи және мәдени өмірінде жарқын із қалдырған белгілі тұлғалар, ойшылдар мен ақындар мұрасын сақтаудың және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің мәні зор екеніне тоқталды.

— Бүгін біз астанамыз Ашхабадтың тамаша мүйісінде орналасқан ғажайып бауырлас қазақ халқының ұлы ақыны, көрнекті мәдениет және өнер қайраткері Абай Құнанбайұлының ескерткішін ашу рәсімінде бас қосып отырмыз. Баршаның осы салтанатты сәтпен шын жүректен құттықтаймын! Түрікмен және қазақ халықтары әлемнің мәдени рухани қазынасына үлкен үлес қосты. Соған сәйкес, бұл мәдени мұраны тыңғылықты зерттеу, оны кеңінен насихаттау және осы саладағы халықаралық әріптестікті дамыту аса маңызды міндет болып саналады, — деді Гурбангулы Бердімұхамедов.

Іс-шараға Түрікменстанның зиялы қауым өкілдері және Қазақстанның ресми делегация мүшелері қатысты. Салтанатты жиында



«Калкыныш» би тобы қос халықтың арасындағы мәдени байланыстардың терең тамырын танытатын «Түрікмен-қазақ достығы» атты композициясын ұсынды.

Осыдан соң Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадқа ресми сапары аясында Түрікменстанның Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қойды. Президент түрікмен елінің басты ескерткішіне тағзым ету арқылы екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың берік екенін көрсетті.

Ресми сапардың алғашқы күні Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедовтің шағын құрамда жүргізілген келіссөздерімен жалғасты. Шағын құрамдағы келіссөзге дейін «Оғызхан» сарайында Қазақстан Президентінің қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас екі ел арасындағы санқырлы ынтымақтастықты нығайтуда мұндай жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулердің маңызы зор екенін атап өтті.

— Түрікменстан — біз үшін туысқан ел әрі стратегиялық серіктес. Қазақстан — сіздің еліңізбен энергетика, көлік, логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастыққа қатысты барлық мәселе бойынша сенімді одақтас. Мұның алдағы уақытта да осы бағытта жалғаса беретінін атап өткім келеді. Әлбетте, біз Түрікменстанның халықаралық аренадағы бейтарап статусына құрметпен қараймыз. Сіздің еліңіз өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне өте елеулі үлес қосып келеді. Бұл ретте біз, ең алдымен, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар арасындағы тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз, — деді Президент.

Өз кезегінде Сердар Бердімұхамедов Түрікменстанның бауырлас Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті жан-жақты өркендетуге бейіл екенін растады.

— Біз Түрікменстанның сыртқы саясаттағы бейтарап бағдарына, сондай-ақ БҰҰ және өзге де жаһандық құрылымдар арасындағы халықаралық бастамаларына қолдау білдіргені үшін Қазақстанға ризашылығымызды білдіреміз. Ал Түрікменстан Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы ұстанымын құптады. Сондай-ақ біз елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуына айрықша мән береміз. Энергетика, көлік, сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, жоғары технологиялар секілді маңызды бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниеттіміз. Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың да маңызы зор, — деді Түрікменстан Президенті.

Одан соң Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентімен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы жылдары сауда-экономикалық ынтымақтастықта айтарлықтай ілгерілеу бар. Сонымен қатар Қазақстан Түрікменстанға экспорттың жалпы көлемін 80 тауар түрі бойынша 120 миллион долларға дейін ұлғайтуға дайын екенін мәлімдеді. Тараптар екі елдің іскер топтары арасындағы байланысқа қолдау көрсетудің маңызына тоқталды.

Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, туысқан түрікмен халқын әйгілі ақын Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Ал Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Президентінің Түрікменстанға сапары екіжақты ықпалдастықты кеңейту тұрғысынан маңызды деп санайды.

— Қазақстан Президентінің ресми сапары елдеріміз арасындағы тату көршілік пен тығыз әріптестік байланыстарды одан әрі нығайтуға, серіктес салалардағы өзара ықпалдастықты кеңейтуге, перспективті бағыттарды дамытуға оң әсер етеді. Қазақ-түрікмен қарым-қатынасы ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Осы уақыт ішінде шынайы бауырластық байланыс қалыптасты. Қос мемлекет пен халықтары-

мызды географиялық орналасуы ғана емес, біртұтас тарихи тағдырластықты сезінуі мен бір-біріне қажет екенін түсінуі біріктіреді. Біз ортақ құндылықтарымызды қастерлейміз, бабалардан мұраға қалған дәстүрімізді құрметтейміз әрі мұқият сақтаймыз, — деді Сердар Бердімұхамедов.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі ахуалы мен болашағы талқыланды. Газ саласындағы бірлескен бастамаларды жүзеге асыру, өзара сауда мен екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын жүк көлемін жүйелі түрде арттыру, сондай-ақ өңіраралық ықпалдастықты жандандыру мәселелеріне айрықша мән берілді.

Келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достықты нығайту және көпжақты стратегиялық серіктестікті тереңдету туралы декларацияны қабылдады. Сонымен қатар екі елдің делегация мүшелері үкіметаралық, ведомствоаралық және өңіраралық деңгейдегі 20 құжатқа қол қойды. Келіссөздер қорытындысы бойынша, Қазақстан мен Түрікменстан президенттері БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізіп, бірлескен мәлімдеме жасады.

Кеше Мемлекет басшысы Түрікменстанға ресми сапары аясында түрікмен ақыны Мақтымқұлы Пырағының туғанына 300 жыл толуына орай өткен «Дәуірлер мен өркениеттер байланысы — бейбітшілік пен дамудың негізі» атты халықаралық форумға қатысып, сөз сөйледі. Президент өз сөзінде Мақтымқұлының күллі шығыс жұртына ортақ ұлы ойшыл, түрікмен классикалық әдебиетінің негізін қалаған бірегей тұлға екенін атап өтті.

— Мақтымқұлы Пырағы — әлем руханиятында орны бар тарихи тұлға. Сондықтан ЮНЕСКО ақын мұраларын «Әлем жады» атты халықаралық тізімге енгізген. Ал ТҮРКСОЙ ұйымы осы жылды «Түркі әлемінің ұлы ақыны әрі ойшылы Мақтымқұлы Пырағы жылы» деп

жариялады. Бұл — барша түркі жұртының ерекше сый-құрметі екені сөзсіз. Ұйымның шешімі ақын шығармаларын халықаралық деңгейде танытуға септігін тигізеді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде геосаяси ахуал ушығып, түрлі жаһандық сын-кәтерлер пайда болып жатқан күрделі кезеңде ұлы ойшылдың рухани мұрасы айрықша өзекті бола түсті.

— Мақтымқұлы поэзиясы терең гуманистік ойларға толы. Ақын өз шығармаларында бейбітшілік, өзара сенім мен құрмет сияқты мызғымас құндылықтарды дәріптейді. Оның әр туындысында Отанға деген шексіз сүйіспеншілік бар. Мақтымқұлы халықты басқа елдермен, яғни күллі әлеммен ынтымақта өмір сүруге шақырды. Мұны жарқын болашақтың кепілі деп түсінді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Түрікменстан ауқымды әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізіп, қарқынды даму жолына түскеніне назар аударды. Сонымен қатар бұл шаралар сан ғасырлық тарихы бар түрікмен мемлекеттілігін нығайта түсетініне сенім білдірді.

— Келесі жылы Түрікменстан тұрақты бейтараптық саясатының отыз жылдығын атап өтеді. Бауырлас жұрт осы қағидатты берік ұстанып отыр. Ұлттық бірегейлігін сақтап, елдік мүддесін қорғап келеді. Осы табанды саясатының арқасында Түрікменстанның халықаралық деңгейдегі абырой-беделі арта түсті. Бейтарап Түрікменстан әлемдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға мол үлес қосуда. Сондай-ақ Орталық Азия және Каспий аймағында көпжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуде. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2025 жылды «Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы» деп жариялады. Бұл игі бастаманы Түрікменстан елі көтерді. Мақтымқұлы түрікмен жұртының іргелі ел болуын ансап өтті. Бүгінде ұлы бабаның арманы ақиқатқа айналды. Түрікменстан өсіп-өркендеген мықты мемлекет болып отыр, — деді Президент.

Сонымен қатар форумда Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, Пәкістан Президенті Асиф Али Зардари, Ресей Президенті Владимир Путин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмуш сөз сөйледі.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған палата делегациясы Тәжікстанға барды. Сапар барысында сенаторлар Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Сондай-ақ аталған елдің Конституциясының 30 жылдығына арналған халықаралық парламенттік конференцияға қатысты және ТМД елдері Парламенттерінің депутаттарымен екіжақты кездесулер өткізді.

Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен кездесуде Сенат Спикері аталған елдің басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізді. Сондай-ақ ол елдің арасындағы достық қарым-қатынас пен Мемлекет басшыларының сындарлы және сенімді диалогі өзара тиімді ынтымақтастықтың кепілі екенін атап өтті.

«Тәжікстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы» атты халықаралық парламенттік конференцияда сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Тәжікстан арасында қалыптасқан өзара түсіністік пен сенімнің жоғары деңгейіне және оның маңызына ерекше тоқталды.

«Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер, белсенді саяси диалог, түрлі саладағы нәтижелі ынтымақтастық қазақ-тәжік қарым-қатынасының даму қарқынын және

зор әлеуетін айқын көрсетеді. Бұл ретте сауда-экономикалық байланыстарды, мәдениет пен білім беруге қатысты жобаларды, экологиялық және басқа салалардағы бірлескен бастамаларды атап өткен жөн. Қазақстан мен Тәжікстан арасында сенімді және жемісті қарым-қатынас орнады. Биылғы тамызда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәжікстанға сапары және сол кезде қол жеткізілген уағдаластықтар осы айтылғандарды кезекті рет нақтылай түсті. Аталған сапар кезінде елдеріміз арасында Одақтастық қатынастар туралы тарихи шартқа қол қойылды. Бұл маңызды құжат жана мүмкіндіктерге жол ашады. Сондай-ақ елдеріміз арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің берік негізін қалайды», – деді Сенат Төрағасы.

Сапар кезінде бірқатар екіжақты кездесу өтті. Ресей Федерациясы

Федералдық жиналысы Федерация кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесуде заң шығарушы органдар желісі бойынша өзара іс-қимылды нығайту перспективалары талқыланды. Тараптар екі палата арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссия жұмысының қорытындыларына да назар аударды. Сондай-ақ 2025-2026 жылдарға арналған Парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жана Жол картасына қол қою мәселесін қарады. Бұл құжатта Қазақстан мен Ресей Президенттері белгілеп берген ынтымақтастықтың басым бағыттары көрсетілді.

Сондай-ақ Қазақстан делегациясы Тәжікстан Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомалимен кездесті. Онда парламентаралық ынтымақтастықтың нақты бағыттары кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, парламентаралық байланыстарды нығайтудың негізін қалап, ынтымақтастықты одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындап берген Түркістан декларациясын іске асыру аясындағы бірлескен жұмыс туралы сөз болды.

Әзербайжан Милли Мәжілісінің Спикері Сагиба Гафаровмен кездесуде Мәулен Әшімбаев әріптесін жана мерзімге қайта сайлануымен құттықтап, екі ел арасындағы ынтымақтастық халықтардың ортақ тарихи құндылықтарына және өзара құрмет пен түсіністікке табан тіреуінін атап өтті. Бұдан басқа, Сенат Төрағасы Әзербайжан тарапына Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезіне тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін алғыс айтып, аталған елдің өкілдері 2025 жылы өтетін Сызге қатысағынына сенім білдірді. Мәулен Әшімбаев Конференция алаңында басқа да Парламент делегацияларының басшыларымен бірқатар кездесу өткізді.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттар бірінші оқылымда қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсеткішті қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын талқылайды.

Үкімет заң жобасы Мемлекет басшысының банк секторындағы рұқсат беру талаптарын оңтайландыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді. Сондай-ақ 2023 жылғы Президент Жолдауын іске асыру аясында шетелдік еншілес банктер мен олардың филиалдарын ашу талаптарын жеңілдетуге қатысты қосымша өзгерістер енгізілді. Ұсынылып отырған түзетулер қаржы секторына кәсіби кадрларды тарту және банк секторының инвестицияларына әкімшілік кедергілерді азайту үшін жағдай жасауға тиіс.

Екінші оқылымда депутаттарға ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелеріне қатысты түзетулерді қарау ұсынылады. Заң жобасы мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің механизмдері мен құралдарын бекітеді. Сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтеді.

Күн тәртібіне Мәжіліске келіп түскен жана заң жобалары да енгізілді. Олардың қатарында «Мәдениет туралы» заңға өзгерістер, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түзетулер, инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіруге қатысты заңнамалық өзгерістер және басқа да бірқатар жоба бар. Мәжіліс бұл заң жобалары бойынша бейінді комитеттерге қорытынды әзірлеу мерзімдерін белгілеуі қажет.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

«AMANAT» партиясы Қазақстанның барлық аймақтарында әдеттегідей кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын өткізді.

Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында ұйымдастырылды. Партия мүшелері, еріктілер және жергілікті тұрғындар аймақтардағы көшелер мен қоғамдық орындарды коқыстан тазарту жұмыстарын жүргізді.

Қызылорда облысында Шиелі ауданында өткен тазалық жұмыстарына 30-ға жуық адам қатысты. Акция шеңберінде Шиелі ауданы, Шиелі кенті Ю.Гагарин көшесінде тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шара барысында аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұргүл Шалекеева сөз сөйлеп, жергілікті тұрғындарды тазалықты сақтауға шақырды.

«Тазалық – бұл әрбір адамның жауапкершілігі. Әрқайсымыз өз ауламызды, көшелерімізді таза ұстауға үлес қоссақ, айналамыздың көркейіп, денсаулығымыздың жақсаруына септігін тигіземіз. Мемлекет басшысының бастамасын қолдау арқылы біз өз денсаулығымызды ғана емес,



болашақ ұрпақтың да игілігін ойлаймыз», – деді ол.

Ал Ақмола облысында Біржан сал ауданында 40 адам қатысқан акцияда 2 шақырым аумақта тазалау жұмыстары жүргізілді. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға негізделген іс-шараға волонтерлермен қатар, ауыл тұрғындары да белсене қатысты.

Игі іс Ұлытау облысында да жалғасын тапты. Партия мүшелері мен Ардагерлер кеңесінің өкілдері ғарышкерлерге арналған мемориалдардың айналасында тазалау жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға қатысқан еріктілердің бірі, Жезқазған қаласындағы волонтер Жанар Мұстафина мұндай акция тарихқа құрмет көрсетуге де ықпал ететінін айтты.

Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданында 70-ке жуық адам 3 шақырымдық аумақты тазалады. Самарлықтар акция аясында 3 тоннадан астам қоқысты жинақтап, арнайы техникамен тиісті орынға жөнелтті. Сонымен қатар көше бойындағы ағаштарды ретке келтіріп, абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

«Біз осы акция жарияланған күннен әр бейсенбі сайын тұрақты түрде ауданымызды абаттандыру, коқыстан тазарту шараларын жасаудамыз. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы осы жылғы халыққа Жолдауында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы шеңберінде ұйымдастырылып жатқан сенбіліктер мен «Таза бейсенбі» акциясын бір реттік шара емес екендігін тағыда еске

салды. Демек, біз тазалық жұмыстарын алғашқы қар түсіп күн салқындағанға дейін жалғастыратын боламыз», – дейді «AMANAT» партиясы Самар аудандық филиалының төрағасы Айнұр Отаршина.

Алматы облысы Іле ауданының Өтеген батыр ауылында тазалық жұмыстарына қатысқан еріктілер мен партия мүшелері көшелер мен қоғамдық орындарды тазалады.

Сондай-ақ Шымкенттегі эко акцияға партияның қалалық, аудандық филиалдарының қызметкерлері, партия жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері және белсенді студенттер аталысты. Басаяғы 100-ден астам азамат қатысты.

Тазалау жұмыстары қала орталығынан шалғайда жатқан Еңбекші ауданы Қойгелді батыр көшесінің бойында жүргізілді. Аталған аумақта коқыстар жиналып, арамшөптер орылып, қураған ағаштар жойылды.

Маңғыстау облысында Каспий теңізінің жағалауында өткен тазалау жұмыстарына 30 адам қатысып, 2 шақырым аумақ коқыстан тазартылды. Акцияға қатысушылар демалушыларға қоршаған ортаны бүлдірмей, теңіздің жағасында коқыстарды қалдырмау керектігін еске салды.

Бүгінге дейін партия мүшелері акция аясында 7 мың тоннадан астам коқыс жинады. Игі іс еліміздің барлық өңірінде экологиялық ахуалды жақсарту, тұрғындарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға шақыру мақсатында тұрақты түрде өткізіліп келеді.

ӨЗЕКТІ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

АЭС: XXI ҒАСЫР – АТОМ ҒАСЫРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң және құқық, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 9 стратегиялық бағытты белгілеп берді. Оның 4-ші стратегиялық бағыты Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешуге арналды. Осы ретте Мемлекет басшысы 6 қазан – АЭС салу туралы референдум күні деп белгілеген еді.

ҚАЗАҚСТАН ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

7 қазан күні Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумда дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады. Мәліметтерге сәйкес, референдумға қатысуға құқығы бар 12 284 487 Қазақстан азаматының 7 820 204-і немесе 63,66% дауыс берген. Референдумға шығарылған мәселеге байланысты 5 561 937 азамат (71,12%) қолдап, 2 045 271 азамат (26,15%) қарсы дауыс берген. Одан бөлек, 82 729 адам (1,06%) екі жауаптың бірде-бірін таңдамаған, 130 267 бюллетень (1,67%) жарамсыз деп танылған. Осы нәтижелерге сүйенсек, 36,34% референдумға келмеген және 26,15% теріс шешім қабылдаған тұрғындарымызға ақпараттардың толық жетпегендігінің, дауыс берушілердің әлі де болса сайлау процесстеріне немқұрайлықпен қарайтындығының, сыртқы күштердің ықпалы бар екенін көреміз.

Осының бәрін ескере отырып, мамандар АЭС салу арқылы елімізді болашақта тұрақты қуатпен қамтамасыз ету және ел экономикасын дамыту үшін неғұрлым перспективалы шешім екенін айтуда. Болжам бойынша, АЭС 10 жылға жуық уақытта, яғни шамамен 2035 жылы салынып бітеді. Ал оған дейін елімізде энергетикалық теңгерім артып, тұтыну 2 есеге өсіп, бізге 26,5 ГВт қуат қажет болмақ. Бүгінде әлемдегі атом энергетикасында жалпы қуаты 374 ГВт тоқ өндіріледі, бұл бүкіл электр энергиясының шамамен 10%-ы.

Әлемдік тәжірибені қарасақ, қазір 31 елде 415 ядролық реактор жұмыс істейді, олардың 306-сы (74%) – жеңіл су қысымды реакторлар. Одан бөлек, 15 елде тағы 62 реактор салынауда. Бір атом электр стансасы 2 немесе оданда көп реакторды қамтиды. Қазақстан өз кезегінде III және III+ буынды реакторлардың түрін салуды қарастырып отыр. Бұл реакторлар ең сенімді технология болып саналады және атом энергетикасы тарихында оларда бірде-бір апат болмаған. Қазіргі заманғы жеңіл су реакторларында активті және пассивті қауіпсіздік жүйелері айтарлықтай жақсартылған. Мамандардың мәліметтеріне сәйкес, қазіргі заманғы стансаларда ауыр апаттың ықти-

малдығы өте аз – 10 миллион жыл ішінде бір ғана жағдай болуы мүмкін. Атом стансаларының сыртқы қабығы торнадо, дауыл, қатты жер сілкінісі мен су тасқыны, техногендік апаттар, тіпті ұшақтың құлауы сияқты табиғи апаттарға төтеп беруге арналған. Әрбір заманауи АЭС-те ядролық реактордың қорғаныс қабықшасы (контайнмент), стансадағы төтенше жағдайлар кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылғы бар. Атом стансаларын салу құнының 40%-ы қауіпсіздік жүйелеріне жұмсалады, бұл олардың сенімділігін көрсетеді. Оның сыртында реакторлардың жұмысын Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) бағамдап, қатаң бақылауда ұстайды.

Атом саласындағы еліміздің ғалымдары әлемдегі атом реакторларын салатын негізгі компаниялардың технологияларын зерттеп, төрт ірі компанияны таңдап алды. Олар – қытайлық CNPC (CPR-1000 реакторы), корейлік KHNP (APR-1400, APR-1000), ресейлік «Росатом» (ВВЭР-1200) және француз EDF (EPR-1200) компаниялары. Бұл мәселеге қатысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта халықаралық консорциум құру мәселесін ұсынды.

ЭКОЛОГИЯ МЕН ЭКОНОМИКА – ТАМЫРЛАС ҰҒЫМ

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі Негіздемелік конвенциясына (COP-28) қатысушылардың 28-ші конференциясында атом энергетикасының көміртегі бейтараптығын орнатудағы әлемдік күн тәртібіндегі рөлі алғаш рет атап өтілген болатын. Оның қорытындысы бойынша 2050 жылға қарай атом энергиясын пайдалануды үш есе арттыру туралы халықаралық декларацияға қол қойылды. Бұл декларацияға Ұлыбритания, Венгрия, Канада, Нидерланды, БАӘ, Польша, Румыния, Словакия, Словения, АҚШ, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Оңтүстік Корея, Жапония және тағы басқа елдер қосылды. Бұл сапта Қазақстан да бар.

Осы реттегі экологиялық талаптарға келетін болсақ, біз жылу электр стансаларын (ЖЭС) азайтуымыз керек. Себебі ЖЭС 7



миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газдарын шығарады. Көмірді жағу нәтижесінде 300 мың тоннадан астам күл пайда болады. Құрамында мышьяк, кадмий, қорғасын және сынап сияқты 400 тоннаға жуық улы металл бар қалдықтар жиналады. Сондай-ақ улы газдарды азайтудың жаһандық міндеті жағдайында жаңа көмір электр стансаларын салу қиынға соғуда. Халықаралық қаржы ұйымдары мұндай жобаларға ақша салғысы келмейді, өйткені көмір табиғатты ластайды. Бұдан басқа Еуропалық Одақ стандарттары енгізілуде. Жылу үшін «лас» электр энергиясын пайдалану мұнай-газ, тау-кен және басқа салалар үшін қиындықтарға әкелуі мүмкін, өйткені олардың өнімдері бәсекеге қабілетсіз болады және қымбаттай түседі.

Атом электр стансасының дәстүрлі энергия көздерінен айырмашылығы – экологиялық таза және тұрақты. 1-1,5 миллион тұрғыны бар қаланы электр қуатымен қамтамасыз ете алатын АЭС 60 жыл жұмыс істегенде 50 текше метр радиоактивті қалдық шығарады. Атом электр стансаларынан шыққан радиоактивті қалдықтар олардың түріне және технологиясына байланысты сақталуы немесе қайта өңделуі мүмкін. Мысалы, 1 килограмм уран толық жанған кезде 100 тонна жоғары сапалы көмір немесе 60 тонна мұнай шығаратындай энергия бөледі. Пайдаланылған ядролық отын қалдық болып саналмайды, өйткені оны қайтадан энергия көзі ретінде пайдалануға болады. Болашақта арнайы реакторлар аса қауіпті радиоактивті элементтерді жоя алады, бұл қалдықтарды азырақ қауіпті етеді. Бұл үшін синтез технологиялары қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар халқымызды толғандыратыны егер АЭС салынса Балқаш көлінің жағдайы қалай болады деген жай. Тағы да мамандардың пікірін айтсам, көлден шыққан су тек стансаны салқындату үшін пайдаланылады және

көлге ешқандай пайдаланылған су төгілмейді. Бұл бір жақты процесс сияқты: су тек алынады, бірақ қайтарылмайды. Суды мүлде пайдаланбайтын құрғақ градирия технологиясы да қарастырылуда. Құрғақ градирия дегеніміз – жүйеде айналатын суды салқындату үшін электр стансаларында қолданылатын құрылғы. Құрғақ градирия автокөлік радиаторы секілді суды салқындату үшін үлкен жылу алмастырғыштар мен желдеткіштерді пайдаланады. Бұл судың температурасын оның көлемін жоғалтпай төмендетуге мүмкіндік береді.

Апат болған жағдайда да радиацияның көлге түсу қаупі жоқ. Атом электр стансасында екі жабық су тізбегі бар. Бірінші контур реактормен жанасады және екіншісінен толығымен оқшаланған. Екінші цикл – бұл қарапайым су, ол қызады, бұға айналады және энергия өндіру үшін турбинаны айналдырады, содан кейін қайтадан салқындатылады. Бұл екі контур ешқашан қиылыспайды. Балқаштан шыққан су тек салқындату үшін пайдаланылады және радиоактивті заттармен жанаспайды. Сондықтан Балқаш көлі толық қауіпсіз жағдайда және оған ешқандай радиация түспейді.

УРАН ОТЫНЫ ӨЗІМІЗДЕН

Ең басты мәселе – біз уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшымыз және ядролық отын компоненттерін шығаруда өз өндірісіміз бар. 2023 жылы уран өндіру көлемі 21,1 мың тоннаны, ал уранның барланған қоры 900 мың тоннаны құрады. Қазақстан уран қоры бойынша әлемде Аустралиядан кейін екінші орында, және дүниежүзіндегі қордың шамамен 14%-ы бізде шоғырланған.

Атом энергетикасы саласында озық тәжірибелеріміз бар. Ақтауда орналасқан әлемдегі алғашқы БН-350 реакторы сәтті пайдаланылған болатын. Қазір Алматыдағы Ұлттық ядролық орталық пен ядролық физика институтында Ядролық зерттеу реакторлары жұмыс істейді, оларда қолданыс-

тағы және перспективалы ядролық реакторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ядролық технологиялардың жетекші жеткізушілерімен бірлесіп зерттеулер жүргізіледі. Осы зерттеулердің нәтижелері әлемде жұмыс істеп тұрған атом электр стансаларында практикалық қолдануды тапты. 2021 жылы Ұлбі металлургия зауытында Қытай үшін ядролық отын шығаратын зауыт ашылды.

АЭС жобасы айтарлықтай экономикалық пайда әкеледі. Құрылыс кезеңінде 8 000, ал пайдалану кезеңінде 2 000 жұмыс орны ашылатын болады. Бүгінде Қазақстанда 17,9 мыңға жуық адам атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында жұмыс істеп жатыр. Олардың ішінде ғылыми-техникалық ұйымдарда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-да мықты мамандар шоғырланған. Сондай-ақ Түркиядағы «Аккую» АЭС құрылысына 150-ден астам қазақстандық қатысуда.

Атом саласы бағыты бойынша 4 070 білімгер бакалавриат, докторантурада оқуда. 2022-2023 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында мамандандырылған білім беру бағдарламалары бойынша 2 848 грант бөлінген.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК базасында Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті мен С.Аманжолов атындағы ШҚМУ филиалдары табысты жұмыс істейді.

2022-2023 жылдар аралығында Қазақстан, Франция, Ресей Федерациясы және Венгрия атом өнеркәсібінде кадрлық әлеуетті арттыру бойынша бірқатар екі-жақты құжаттарға қол қойды.

Біз АЭС құрылысына қатысты уран өнеркәсібінде «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорны, ядролық реакторлар, үдеткіштер, критикалық стенд пайдаланылып жүрген Курчатова қаласындағы Ұлттық ядролық орталығы мен Алматыдағы Ядролық физика институты бар.

Қазақстанда «Ядролық физика және технология» мамандығы бойынша мамандар жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де білім алады.

Біздің кадрларымыз бар, ғылымды дамытуға, оны бейбіт өнеркәсіпте пайдалануға әлеуетіміз жоғары. АЭС барлық энергетикалық мәселелерді шешпейді, бірақ олар ұзақмерзімді перспективада сенімді энергиямен қамтамасыз ету үшін маңызды.

Дамыған елдердің табиғи ресурстары бар болғаны 5%-ды құрайды, 18%-ы – өндірістік капитал, ал негізгі 77%-ы білім мен табиғи қорларды тиімді басқаруда жатыр. Әлемдік дамыған елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде әлемдік экономикалық дамудың жана үлгісі пайда болғанын көрсетеді. Адам капиталы мен инновация ең қымбат ресурс болып есептеледі.

XXI ғасыр – атом ғасыры, креативті ноу-хау технология ғасыры. Бүгін – ғылымды дамыту уақыты, ұтымды жобалар мерзімі.

Ғалиасқар САРЫБАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты

БІЗДІҢ СҰХБАТ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Айбар ОЛЖАЙ, ЭКОНОМИСТ:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ДОКТРИНАСЫНА САЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Әлеуметтік желі – мыңдаған шақырымдарды бір-бірімен байланыстырған ауқымды коммуникация құралы. Қазір күллі жаһанды жаулаған әлеуметтік желінің әлеуеті көптің пайдасына жарап тұр. Дегенмен таяқтың екі ұшы болатыны секілді, желі адамзатқа шексіз мүмкіндіктерімен қоса кері ықпалын да алып келді. Өткен аптада Сенатор Геннадий Шиповских TikTok қосымшасы желіге желімдей жабысқан баланың мінез-құлқына теріс әсер ететінін, жалған идеалар мен тәуелділікке әкелуі мүмкін екенін айтып қосымшаны бұғаттауды талап еткен еді. Қазір ел экономикасының онлайн платформалардан белгілі бір деңгейде пайда көріп отырғанын ескерсек, әлеуметтік желінің бұғатталуы экономикаға қалай әсер етпек, өзіне жіпсіз байлатқан желінің қандай бағытта пайдалануымыз тиіс деген сауал туындайды. Осы және өзге де сауалдарымызға жауап алу мақсатында қаржы, биржа, макроэкономика сарапшысы, экономист Айбар Олжаймен сүбелі сұхбат құрған едік.

— Айбар мырза, елімізде TikTok қосымшасын бұғаттау мәселесі желі қолданушыларының пікірталасын туғызып қана қоймай, депутаттар арасында бүгінге дейін талқыға салынып келеді. Осы ретте әлеуметтік желілердің экономикаға әсерін қалай бағамдайсыз? Қазақстандық нарық әлеуметтік желіден қандай пайда көріп отыр?

— Бүгінде TikTok сынды платформалардың балалар мен жасөспірімдердің ойлау қабілетіне, психологиясына әсері турасында өзекті мәселе елімізде ғана емес, бүкіл әлемде түрлі көзқарас бар. Таяуда TikTok қосымшасының өкілдері 13 жасқа толмаған балалардың аккаунтын өшіру бойынша жедел іс-шара қолданды. Осының нәтижесінде Қазақстанда 2,1 миллион TikTok аккаунты өшірілгені белгілі болды. Бірақ осыған қарамастан қосымшаны пайдаланғысы келген адам платформаға кез келген уақытта кіріп, қалағанын тамашалай алады. Осы тұста назарға алатын басты мәселе, санасы толық қалыптасып үлгермеген бала TikTok-тан не қарап жатыр? Бұл — біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тіреліп тұрған мәселе. Еліміз үшін жағдайды сырттан бақылап қана қоймай, керісінше әлеуметтік желіні

экономикалық өсімге әсерін нақты анықтай алмаймыз. Дегенмен Қазақстанға креативті экономика бойынша қандай түсім келетінін және қанша жұмыс орындары ашылғанын қарастыра келе, соның ішінде әлеуметтік желінің әсерін бағамдауға болады. Салық мәселесінде әлеуметтік желілердің ықпалы бар. Мысалы, үлкен халықаралық платформалардан елімізге 28 миллиард теңге келіп түсті. Қаражаттың жартысынан астамы әлеуметтік желілерге тиесілі. Нақтырақ айтсақ, 2023 жылы Қазақстанға шамамен 10 миллиард теңге әлеуметтік желілердің салығынан келді. Соның ішінде TikTok желісінен келген салық

құны 1 млрд 160 млн теңгені құрайды. Ал биылғы жылы бірінші және екінші тоқсанның нәтижесі бойынша TikTok-тан келген салық 800 миллион теңге көлемінде. Осы жылдың соңына дейін қосымшаның төлейтін салығы 1,5 миллиард теңгеге жетуі қажет. Бірақ мұндай көрсеткіш бюджетімізге үлкен әсер береді деп дөп басып айта алмаймын. Бұл баға шағын, ортаңқол компаниялар төлейтін салықтың құнына тең келеді. Сондықтан Қазақстан TikTok-тан түсетін салыққа аса тәуелді емес.

БІЗ ТИКТОК АРҚЫЛЫ САУДА ЖҮРГІЗЕТІН МОДЕЛЬГЕ ӘЛІ КӨШКЕН ЖОҚПЫЗ

— Егер әлеуметтік желілер, соның ішінде Қытайдың өнімі саналатын TikTok желісі бұғатталған жағдайда мұның ел экономикасына, сауда-саттыққа әсері қалай болмақ?

— Егер елімізде TikTok бұғатталса, бұл жағдай электронды саудаға ешқандай әсерін тигізбейді. Өйткені біз TikTok арқылы сауда жүргізетін модельге әлі көшкен жоқпыз. Ал сауда-саттық сала-

лар бұғатталып, қызмет көрсетуін тоқтатқан жағдайда, керісінше, еліміздегі электронды саудаға әсерін тигізеді. TikTok — өзгеше бағыттағы қосымша. Әлемде кеңінен таралған платформа жасөспірімдердің ойлау жүйесі мен психологиясына әсері, белгілі бір қауіпті іс-әрекеттерге көзді үйретіп алуы тұрғысынан қауіпті.

— Біз экономиканы өркендету жолында әлеуметтік желілерді қандай бағытта пайдалануымыз керек? Бизнесімізге әлеуметтік желі арқылы жолға қоюдың тиімді тұстары көп пе, әлде керісінше ме?

— Қазір біз білім мен ғылымда қандай саясат ұстанып отырмыз? Сол секілді әлеуметтік желілерде мемлекет пен қоғамның дамуына қажетті салаларды, соның ішінде IT, технология бағыттарын популяризация жасап, аудиторияға түрлі роликтерді ұсынуымыз керек. Оқырманға ойын-сауық, көңіл көтеретін контент емес, баланың білім алуға деген құштарлығын арттыратын әрі идеологиялық тұрғыда оң бағытты ұстанған танымдық дүниелер қажет. TikTok — онлайн платформа болған соң, қосымшада ұсынылатын өнімнің барлығын жаман, қауіпті деп айтуға болмайды. Оның ішінде химия, физика және астрономияны үйрететін, экономика, қаржы тақырыптарын қамтитын пайдалы контенттер де баршылық. Өкінішке қарай, қосымшада қажетті акпараттармен қоса балаға кері әсерін тигізетін сан түрлі контенттер араласып кеткен. Сондықтан айтарым, TikTok бізге пайдалы болуы үшін танымдық, тәрбиелік мазмұндағы контент санын арттыруымыз қажет. Тиісінше, бұл өскелең ұрпағымыз үшін пайдалы білім болар еді. Осы ретте TikTok платформасы бізге көмектеседі.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ОНЛАЙН ЖҮЙЕГЕ КӨШУІ ЭКОНОМИКАҒА ҮШІН ТИІМДІ

— Биыл жыл басында әлеуметтік желіде Pinduoduo, Taobao сынды Қытайдан тапсырыс беру арқылы тауар сатып алатын онлайн плат-

зар қаңырап қалды деген пікірге келісемін. Бірақ қазір ол бөлшек сауданың базары емес. Саудагерлер көбіне тауарды шығарушы мемлекеттен өздері алып келіп, кейін тұтынушыларына көтерме бағада сата бастайды. Қазір базар көтерме сауданың орнына айналды. Кезінде ол белгілі бір форматта ашылған еді. Бірақ заман өзгереді, базар да өзгеруі қажет. Егер келушілер саны азайып, базар іші қаңырап жатса, демек тауарлар басқа құралдар арқылы саудаланып отыр деген сөз. Сауданың онлайн форматқа көшуі экономикамызға кері ықпалын тигізбейді, керісінше заман ағымына сай трансформациядан өтеді. Базардың негізі — сауда жасау ғой. Қазір сауданың трансформациясы жүріп жатыр. Кәсіпкерлер офлайн саудадан онлайн саудаға өтуде. Ал саудагерлер бұл жағдайда тысқары қалмайды. Қазірдің өзінде көпшілігі офлайннан онлайн саудаға көшіп келеді. Мұнда тек сауданың ішкі трансформациясы мен механизмдері ауысады. Бірақ сауда қарқыны сол қалпында жалғаса береді. Елімізде сауда-саттықтың онлайн жүйеге көшуі экономикамыз үшін тиімді дер едім. Себебі саудаласу кезінде төлемдер онлайн форматта жүзеге асырылса, бұл Қазақстанды көлеңкелі экономикадан шығарады. Сондай-ақ біз қолма-қол ақша беру жүйесінен арыламыз. Осының нәтижесінде салық базасы көбейеді, сәйкесінше, экономикаға оң әсерін береді.

ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ИДЕОЛОГИЯСЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫН ЖЕТКІЗІП ОТЫР

— Қазір жаһанда әлеуметтік желінің әлеуетін экономикада тиімді пайдаланып отырған қай мемлекеттердің тәжірибесін атап өтер едіңіз? Біз олардан нені үйренуіміз қажет?

— Әлеуметтік желіні әр мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздік доктринасына сай пайдаланады. Кейбір дамыған елдер әлеуметтік желілердің негізгі шығарушысы саналады. Мысалы, АҚШ-тағы Meta компаниясын атап өтуге болады. Қазір олар әлемдік желіні өз құзырында ұстап отыр. Осының арқасында өзіне тән идеологиясы мен ұстанымдарын көпке жеткізеді. Олар өз құндылықтарына басымдық бере алады. Негізінен, әлеуметтік желіні іске қосушы мемлекеттер басқарушы елдер категориясына, ал өзге елдер тұтынушы категориясына жатады. Тұтынушы категориясына кіретін мемлекеттер әлеуметтік желіден өзіне қажетті тұстарын алады, ал қажет деп таппаған жағдайда толық тыйым салады. Мысалы, Қытай шетелдік әлеуметтік желілерге тыйым салу арқылы өзінің ішкі мессенджерлерін дамытып отыр. Әр мемлекеттің әлеуметтік желіні қолдануға байланысты өзіндік ұстанымы бар. Біздің ұстанымымыз мынадай: Қазақстан ғаламдық жаһандануға қарсы емес, яғни әлемдік деңгейде таралған әлеуметтік желілерді қолданамыз. Бірақ ең алдымен әлеуметтік желілер қоғамдық қауіпсіздігімізге, балалар мен жасөспірімдердің психологиясына кері әсерін тигізбеуге тиіс деген ұстанымды алға тартамыз.

— Өңімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



шығарушы компания иелеріне өз шарттарын қойып, TikTok қосымшасының әкімшілігімен тікелей жұмыс істеуі орынды болар еді. Бұл ретте мынадай екі мәселені атап өткен жөн: TikTok иелері біз ұсынған ережелерді ұстанады немесе Қазақстан аумағында бұл қосымша бұғатталуға тиіс. Иә, экономикаға әлеуметтік желілердің әсері бар. Алайда ол жанама әсер ретінде қарастырылады, ал нақты әсерін сомамен есептеу мүмкін емес. Қазір цифрлық әлемнің арасында жік жоқ. Сондықтан әлеуметтік желілердің еліміздегі

сында аталған модельге көрші Қытай мемлекеті көшіп кеткен. Мұнда блогерлер, кәсіпкерлер қосымшаны белсенді пайдаланудың арқасында кәсібін дөңгелетіп отыр. TikTok платформасының бұғатталуы Қытай үшін кері әсерін тигізуі ықтимал. Біз әлі күнге дейін қосымшаны сауда алаңы ретінде қолданбадық. Қазір біздің негізгі сауда алаңдарымыз — AliExpress, Pinduoduo, Temu және өзіміздің Kaspi.kz, Arbuз.kz, Satu.kz сынды платформалар. Аталған маркетплейстер электронды сауданың құралдары саналады. Егер

формалар шыққалы бері базар іші қаңырап қалғаны туралы ақпарат тараған еді. Бұл ахуалға әлеуметтік желідегі онлайн дүкендердің де әсері жоқ емес. Онлайн сауда-саттықтың кең қанат жаюы, бизнес өкілдері мен тұтынушылардың шетелдік онлайн платформалар арқылы сауда жасауы экономикаға, ішкі кіріске кері ықпалын тигізбей ме? Әлде, пайдасы басымрақ па?

— Елімізде Қытайдан тапсырыс беру арқылы тауар сатып алатын онлайн платформалар біраздан бері бар. Иә, онлайн сауданың дәурені жүріп тұрған заманда ба-

НАРЫҚ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

Мемлекет басшысы биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігін атап өткен болатын. «Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды», – деді Президент. Аталмыш жобалардың басым бөлігі металлургия, мұнай – химиясы салаларына қатысты болғанымен, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге арналған жобалар да назардан тыс қалмады.

А Кәмила ЕРКІН

Қазақстанға астықты терең өңдеуді дамыту және жоғары қосылған құны бар өнімдерді экспорттау қажеттігі туралы осыған дейін де мінберлерден айтылып жүрді. Kazakh Invest компаниясы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, еліміздің астықты терең өңдеу өнімдерінің экспорттық әлеуеті 6,1 миллиард долларды құрайды, ал бастапқы өңдеу өнімдерінің әлеуетті экспорты небәрі 3,7 миллиард долларға бағаланады. «Қазақстан әлемдік көшбасшы болуға барлық алғышарттарға ие перспективалы бағыттардың бірі – астықты терең өңдеу. Қазақстан әлемде бидай өндіруші көшбасшылардың бірі және бидай бағасы әлемдегі ең төмен бағалардың бірі. Қазақстанда жиналған бидайдың 3%-дан азы ғана өңделеді», – делінген ұлттық компания ұсынған баяндамада.

Жақында вице-премьер Серік Жұманғарин Қостанай облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі астықты терең өңдеудің экономикалық тиімділігімен танысқан болатын. Үкімет ұсынған мәліметке сүйенсек, егер 1 тонна ұнның құны 120-130 мың теңгені құраса, терең өңделген өнімнің құны – 350-541 мың теңге болмақ. Астықты терең өңдеу бұдан бөлек, елімізде негізінен импортталатын жаңа өнімдер өндірісін жолға қоюға мүмкіндік береді. Мысалы, аминқышқылдары, глютен, лизин, крахмал, биоэтанол және басқалар. Сонымен қатар Қостанайда өткен инвестициялық форумда астықты терең өңдеу бойынша кешен құрылысы жобасын таныстырды. Облыста астықты терең өңдеу хабының жобасы екінші рет жүзеге асырылуда. Жоспарға сай өндіріс қуаты – тәулігіне 1 250 тонна астық болмақ. Ал Qostanai Grain Industry компаниясының жетекшісі Еркін Саттаровтың пікірінше, қазір аймақта жылына орташа есеппен 5 миллион тонна астық өндіріледі, ал оның 96%-ы ұн өндіруге жұмсалады.

«Ұн тарту кәсіпорындарының жалпы қуаты 10 миллион тонна бидайды өңдеуге есептелген. Диірмендердің артықшылығы



ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ – ТОЛАҒАЙ ТАБЫС КӨЗІ

айқын, әсіресе дәстүрлі экспорттық нарықтардың тарылуы жағдайында. Бұрын Қазақстаннан ұн сатып алатын елдер оны өздері өндіріп, біздің елімізден шикізат сатып алады, ал қосымша құн шетелге кетеді. Жалғыз жолы – астықты терең өңдеу. Бұл сала Қазақстан үшін әлі де жана», – дейді ол.

Компанияның мәліметі бойынша, Қазақстанда бүгінде глютен (құрғақ клейковина), аминқышқылдары – лизин, триптофан, олардан алынатын концентраттар сияқты терең өңдеу өнімдеріне сұраныс жоғары, ал Еуропада экологиялық таза отынға сұраныс артып келеді. Қазір елдегі аминқышқылдарына сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылады, глюкоза мен құрғақ клейковина импортының көлемі де өсіп келеді. Еуропада биоотынға тұрақты сұраныс бар.

«Терең өңдеу – біздің артықшылығымыз, әсіресе бидайдың артықшылығын ескерсек. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, отандық өнеркәсіпшілер бидайды өңдеу өнімдері нарығында үстемдік ете алады. Солтүстік нан өндіруші облыстардағы ауыл шаруашылығы секторы қанша диверсификацияға ұмтылса да, бидай өндірісі әлі де егістік алқаптарында үстемдік етуде. Қуаңшылықтарға, су тасқындарына, шегіртке сияқты экстремалды жағдайларға қарамастан, бидай көп өндіріледі. Ал аграрийлер жыл сайын мемлекеттен тек субсидия ғана емес, қымбат антистрессік шараларды да талап етеді. Мысалы, былтыр ылғалданып кеткен бидайды сатып алу шаралары ұйымдастырылған», – деп атап өтті Е.Саттаров.

Мамандардың пікірінше, терең өңдеу ісі – ел ішінде астық өткізу үшін тағы бір қуатты бағыттың пайда болуына жол ашарды. Бірақ ол мемлекеттік қолдау бағытын да өзгертуі мүмкін. Әзірге отандық агро-өнеркәсіптік секторында биыл астықтан айтарлықтай түсім болады деп күтілуде. Яғни, 17 миллион тонна деңгейінде болжанып отыр. Дегенмен соған қарамастан «Атамекен» ҰҚП агрокәсіп иелері күтпеген қиындықтарға тап болуы мүмкін деп мәлімдеді. Өйткені биыл дөңді, бұршақты және майлы дақылдардың жалпы көлемі 26,3 миллион тоннаға дейін артады деген болжам бар. Бұл өткен маусымға қарағанда 41%-ға артық.

«Бірақ егіннің көптігі ішкі тұтынуды да, экспортты да қиындататын бірқатар проблеманы тудырады. Негізгі проблемалардың бірі – астықты сақтауға және өңдеуге арналған ыдыстардың жетіспеушілігі. Егін көлемінің ұлғаюымен, әсіресе 17 миллион тоннаға жетсе, қоймалар мен элеваторлар тез

толтырылуы мүмкін. Қазір қоймаларда алдыңғы егіннен шамамен 4,5 миллион тонна астық қалады. Сақтау және қайта өңдеу үшін тиісті инфрақұрылым болмаса, фермерлер өткізу проблемаларына тап болып, шығынға ұшырау қаупі артады», – делінген кәсіпкерлер палатасы ұсынған деректе.

Мемлекет басшысы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін арттыра отырып, Қазақстанның Еуразияның жетекші аграрлық орталығы болудың стратегиялық мақсатын белгілеген болатын. Бұл мақсатқа қол жеткізуде ет, сүт және астық өңдеуді дамыту, сондай-ақ өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығын дамыту маңызды рөл атқарады. Сондықтан сарапшылар азық-түлік нарығының тұрақтылығын және аграрлық сектордың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін егіннің рекордтық көлемін тиімді басқару маңызды деген пікірде.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Қайта өңдеу және стандарттау технологиясы кафедрасының меңгерушісі Анзор Саидовтың пікірінше, жақын арада терең өңдеуді дамытпасақ, еліміз астықты өңдеуден гөрі оны экспорттау тиімдірек болатын жағдайға тап болуы мүмкін.

«Қазақстандық ұнды өткізудің негізгі нарығы – негізінен Орталық Азия мемлекеттері. Оның басым мөлшері Ауғанстанға экспортталады. Астықты өңдеп, одан ұн алу технологиясы аса күрделі болмағандықтан, бұл елдер соңғы уақытта диірмен өндірісін ұлғайтуда. Нәтижесінде, соңғы уақытта отандық ұн экспорттының қарқыны бәсеңдеді. Көптеген зауыттағы өнімнің сатылымы іс жүзінде нақты шарықтау шегіне жетті. Сондықтан олар өндірісті одан әрі жетілдіру мен дамытуға ынталы емес. Бірақ жақын арада өндіріс қуатын арттырмайтын кәсіпорындарда кірістілік сөзсіз төмендейді және инфрақұрылымдық проблемалар туындайды. Сондықтан қалыптасқан жағдайдан шығудың бірден-бір стратегиялық дұрыс жолы – астықты терең өңдеуді дамыту. Сондықтан қазақстандық бизнеске терең өңдеуге елеулі назар аударатын кез келді», – дейді ғалым.

Егер жақын уақыт ішінде ел ішінде астықты өңдеу үшін қадамдар жасалмаса, нарықта салыстырмалы түрде астық экспорты үшін неғұрлым тиімді және дамыған логистикалық шешімдер пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде, астықты жергілікті жерде өңдеуден гөрі экспорттау тиімді шешімге айналмақ. Басқаша айтқанда, астықты қосымша құнмен сатуға болатын

дайын өнім өндірудің орнына, оны шикізат ретінде сату оңайырақ болады. Анзор Мұсалұлы өз зерттеуінде қазақстандық кәсіпорындар үшін астықты терең өңдеуді тартымды ететін мынадай факторларды мысалға келтірген: астықты қайта өңдеу арқылы алынған, қосылған құны жоғары өнімдердің импортына тәуелділік, халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктері, шикізат базасын кеңейту резервтері, жана жұмыс орындарын құру мүмкіндігі. Өйткені астықты терең өңдейтін бір зауыттың құрылысы орта есеппен 150-300 жұмыс орнын құрайды. Астықты терең өңдеу зауыттары елдің аграрлық кешенін көтеруге, ішкі және халықаралық нарықтарға шикізаттық аграрлық ресурстарды емес, жоғары дәрежедегі қайта өңдеу өнімдерін жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде көптеген шетелдерде астықты күрделі өнімдерге қайта өңдеу – жақсы табыс әкелетін қалыптасқан сала. Әлемдегі мұндай өнімдердің ең ірі өндірушілері – АҚШ және Еуропалық Одақ елдері. Соңғы жылдары Қытай да өндірісті ұлғайтты. Атап айтқанда, крахмал өндірісін мысалға алуға болады. ЕО мәліметтері бойынша, 2030 жылға қарай әлемдік крахмал өндірісі 67,5 миллион тоннаға бағаланады және бұл

көлем соңғы 10 жылда екі есе өскен. Еуропада 21 елде 78 астық өңдеу зауыты жұмыс істейді. АҚШ-та мұндай зауыттар аз, тек 21, бірақ олар әлдеқайда үлкен және тиімдірек жұмыс істейді. Өйткені энергия мен шикізат арзанырақ. Бұл үшін АҚШ-та генетикалық түрлендірілген жүгері қолданылады.

Foreign Agricultural Service мәліметтеріне сүйенсек, 2023/2024 маркетингтік жылының қорытындысы бойынша, әлемде 788,95 млн тонна бидай өндірілсе, оның ішінде Қазақстанның үлесі 12,1 млн тонна өндіріс көлемімен 1,5%-ды құраған. Сәйкесінше, әлемдік көшбасшылар арасында 14-ші орынға ие болып отыр.

Дегенмен Finproom сараптама орталығының мәлімдеуінше, 2024 жылдың қаңтар, маусым айларында Қазақстан 494,1 млн АҚШ долларына тең 2,4 млн тонна бидай мен меслин (бидай мен кара бидай қоспасы) экспорттаған. «Экспорт табиғи түрде 38,5%-ға, қаржылай есеппен 51,9%-ға қысқарды. Экспорттың жалпы көлемінің 75,8%-ы, 1,8 млн тонна бидай ТМД елдеріне жіберілді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 33,7%-ға аз. Қазақстан бидайын негізгі сатып алушы – Өзбекстан: 1,3 млн тонна, жылдық қысқару – 33,8%. Импорттаушы елдердің негізгі үштігіне Тәжікстан мен Түрікменстан да кірді. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының алдын ала мәліметтері бойынша, биыл Қазақстанда бидайдың егіс алқабы 13,2 млн гектарды құрады – бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 4,1%-ға аз. Ең үлкен егіс алқаптары дәстүрлі түрде Ақмола (4 млн га), Қостанай (3,7 млн га) және Солтүстік Қазақстан (2,5 млн га) облыстарында байқалады. Бұл үш жетекші аймаққа елдегі барлық егіс алқаптарының 77,5%-ы тиесілі», – делінген.

KAZAKH INVEST мәліметі бойынша, Қазақстан аумағында астықты терең өңдеу бойынша 4 жоба жүзеге асырылуда және талқылануда, олардың ішінде: «Астанада бидай мен бұршақты терең өңдеу жобасы Tiryaki Holding (Түркия) және Hassad Food (Катар) компанияларының құны 200 миллион долларды құрайтын жоба; Алматы облысында AnhuiJinhe Industrial, CITIC Construction және Shanghai Starch (Қытай) компанияларының бидайды терең өңдеу жобасы; Shijixianghe Agribusiness Group (Қытай) компаниясының 600 миллион долларлық бидайды терең өңдеу жобасы; Қостанай қаласындағы KazFoodProducts және Myande Group (Қытай) компанияларының бидайды терең өңдеу бойынша Qostanay Grain Industry жобасы».

МӘСЕЛЕ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Интернет өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғанын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені жұмысымыздан бастап, күнделікті хат-хабар алмасуымыз, еліміз бен әлемдегі жаңалықтармен танысуымыз, бос уақытты өткізуіміз барлығы осы ғаламдық желі арқылы жүзеге асып жатыр. Арамызда ғаламтордағы түрлі ойынға қызығушылық танытатындар да аз емес. Бұл санатқа көбінесе балалар мен жасөспірімдер жатады. Алайда сол ойындардың жастардың кейбірін суицидке итермелеп жатқаны жан ауыртады.

«ҚЫЗЫЛ ДЕЛЬФИННЕН»

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Бүгінде жаһандық желінің түткір-түткірінде жасырынып жатқан қауіп көп. Оған бірнеше жыл бұрын ТМД елдерін шулатқан, көптеген қайғылы жағдайға алып келген «Көк кит» ойыны айқын дәлел бола алады.

«2015 жылы әлеуметтік желі арқылы тараған «Көк кит» ойынынан Ресейде 100-ден аса жасөспірім өз-өзіне қол жұмсаған» дейді ғаламтор ақпараты. Әлеуметтік желілерде күні-түні онлайн «отыратын» ойынның жүргізушілері, яғни кураторлар әр баланы зерттеп, көбінесе ұян, момын немесе күйзелісте жүрген жасөспірімді құрығына түсіреді. Ойын бірнеше кезеңнен тұрады. Балаларды үркітіп алмас үшін бастапқы тапсырмалар оңай болып, кейіннен келесі кезеңге өткен сайын тапсырмалар қиындай түседі. Ал ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмайтын жас жеткіншектер олардың арбауына түсіп, тапсырмаларды бұлжытпай орындап, ақыры көпқабатты үйлердің шатырынан секіру, тамырын кесу секілді түрлі жолмен суицид әрекетіне барып жатады. Бұған ойын жасындағы баланың әлі де ақ-қараны, өлім мен өмірді ажырата алмай, ойынның әлемін өміріне алып келуі себеп болуда.

Алайда бір қуанарлығы, аталған ойын тараған елдердегі құзырлы органдардың жіті араласуының арқасында оны ұйымдастырушылар тобы қолға түсіп, жасөспірімдерді өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізгені үшін жазаға тартылды. Бірақ бұл бағыттағы оқиғалардың көп болғаны соншалықты, оларға қатысы бар барлық тұлғаларды анықтап, сот алдына алып бару мүмкін болмады. Нәтижесінде, араға уақыт салып, тонын теріс айналдырған «Көк кит» «Қызыл дельфин» атауымен қайта оралды. Қазір бірнеше баланың миын ұлап үлгерген бұл ойын оқушылардың оқыс өліміне себеп болып, халықты қайта дүрліктіріп отыр. Бүгінде балалар арасындағы ең танымал ермекке айналған ойынның қатысушысы ата-анасынан қашып, оларды алдаусыратып, жасырынып, біржола құтылу үшін өзіне берілген барлық тапсырманы орындайды.

Бейресми мәліметтерге сүйенсек, өтінім берген жеткіншектер өзінің ойынға қатысу себепін бейнежазба арқылы түсіндіруі қажет екен. Болжам бойынша, мұндай механизм кейін балаға қокан-лока көрсету үшін сұралатын көрінеді. Содан соң ойыншыларға 20 тапсырма орындау міндеттеледі. Олардың арасында қару, есірткі және жарылғыш заттар дайындау, ескерткіштерді қирату, белгілі бір нысанға өрт

ҚЫЗЫҚ ІЗДЕМЕ



Е. ШАР ҚАБА (КОЛЛАЖ)

қаю, жарылыс ұйымдастыру секілді түрлі заңға қайшы әрекеттер де бар. Егер қатысушы тапсырманы орындаудан бас тартқан жағдайда отбасына, туыстарына зиян келетіні жайлы айбат көрсетіледі екен.

Осылайша, ұялы телефонын жанынан бір елі тастамайтын, ғаламтордағы күмәнді сілтемелерді қызық үшін басатын жеткіншектер «Қызыл дельфиннің» қанды тырнағына ілігіп жатыр. Мәселен, жуырда Алматы қаласында 7-сынып оқитын екі қыз шатырдан секіріп ажал құшты. Араға көп уақыт салмай 12 жасар тағы бір оқушы өзіне қол салды. Оқиғаның болуына оқушылардың сабақ уақытында сыртта жүруі, шатырға шығатын есіктердің ашық болуы деген сияқты жайттар анықталған. Түптеп келгенде, қадағаның болмауы, сақтық шаралардың қатаң сақталмауының нәтижесі — қайғылы жағдайларға себеп болған.

Бұл жағдайларға «Қызыл дельфиннің» тікелей қатысы бар-жоғы әлі нақты дәлелденген жоқ. Десек те, ойыннан қауіптеніп жатқандардың да күдігі орынды сияқты. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігі арнайы мәлімдеме жасап, ата-аналарға сақтық шараларын ұсынды. Онда баланы өмірінің түрлі кезеңдерінде онлайн кеңістікте қалай қорғау керектігі туралы ұсынымдар келтірілген. Содан кейін әлеуметтік желі қолданушылары аталған ойындар мен боттарды өз баласының, іні-қарындасының телефонынан тауып алып, өшіргені жайлы, оның қауіпі туралы жаппай айта бастады. Демек, «Қызыл дельфиннен» көпшіліктің үркіуі бекер емес.



Қазір бірнеше баланың миын ұлап үлгерген бұл ойын оқушылардың оқыс өліміне себеп болып, халықты қайта дүрліктіріп отыр. Бүгінде балалар арасындағы ең танымал ермекке айналған ойынның қатысушысы ата-анасынан қашып, оларды алдаусыратып, жасырынып, біржола құтылу үшін өзіне берілген барлық тапсырманы орындайды.

Мамандардың айтуынша, ойындар мен платформаларды, сайттарды қадағалау — өте күрделі жұмыс. Ал кейбір нақты бөлігін толық бақылауға алу мүлдем мүмкін емес. Өйткені ойынға қызыққан бала кейбір платформалардың 18 жасқа дейін шектеу қойғанына қарамастан, оны айналып өтудің жолын тауып алады. Мәселен, жеткіншек бұл ойындарға ата-анасының телефоны арқылы немесе туған жылын жалған көрсету жолымен оп-оңай қатыса алады.

Бұл ретте психологтер баланың үйден тыс уақытта не істеп жүргенін, кіммен сөйлесетінін қадағалау қажеттігін айтады. Мысалы, психолог Бибігүл Сайлау-ханқызы қазақтың «Қызым үйде, қылығы түзде» деген мақалдың жаны бар екенін, сондықтан ақпараттық шабуыл күшейген, кез келген ресурсқа оңай қол жеткізу мүмкіндігі бар қазіргідей заманда қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін барынша қырағылық танытудың маңызы зор екенін айтады.

— Суицид — көпқырлы мәселе. Оның нақты бір себепін басып айту мүмкін емес. Десек те, өзін-өзі өлімге кию, оған өз еркімен, саналы түрде бару эмоционалды күйзеліспен түсіндіріледі. Ондай ойындарды ойнайтын балаларда

көбіне өзін жалғыз, сенімсіз сезіну, оқшауланып жүру, ішкі қиындықтары бар балалар ойнайды. Бұған ең әуелі ата-ананың балаға жеткілікті деңгейде көңіл бөлмеуі себеп болады.

— Біздің қоғамда ата-аналар балаларымен ашылып сөйлеспейді, көңіл аудармайды. Алайда сол нәрсе баланың ішкі күйіне, эмоционалдық фонына әсер ете бастайды. Осылайша, балада жалғызсырау пайда болады. Сондай-ақ бұл санатқа жататын балалардың біршамасы — үйде деструктивті тәрбие алғандар. Яғни, әке-шешесі айқайлау, ұрысу, физикалық, эмоционалдық және моральдық тұрғыда жазалау сияқты жолдармен тәрбие беретін жанұяда өскендер. Осындай тәрбие алған балалар «Қызыл дельфин» сияқты ойындарға қатысуы арқылы

Жамбыл облысы да бұл көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарда. Бұрнағы кезі облыстық Полиция департаменті мен Білім басқармасы беретін ақпарат бүгінде өңірлік Прокуратураның жіті бақылауында тұр. Аталған құрылымның баспасөз қызметіне хабарласып, суицид деректері туралы ақпарат алуға тырысқанымызбен нақты жауап берілмеді. Десе де, күні кеше Тараз қалалық әкімдікте өткен жиында қалалық білім бөліміне 2008 жылы туылған А. есімді жасөспірімнің бұған дейін өз-өзіне қол жұмсағаны туралы хабарланбағаны үшін №35 мектептің директоры қызметінен босатылғаны туралы айтылды. Ал менгерушісіне қатаң сөгіс беріліп, мектеп психологі жұмыстан шығарылған. Дәл сондай 2008

жылы туылған А. есімді оқушының жалға алынған пәтерде, маған күйде 2-қабаттан құлап, өз-өзіне қол жұмсауы әкімдік жанындағы комиссияда қаралған. Сондай-ақ 2006 жылы туылған М. есімді жасөспірімнің суицид туралы хат жазып, үйден шығып кеткен дерегі бойынша да тексеріс жүргізілген.

Әрине, бұл деректердің қайсысына «Қызыл дельфиннің» немесе осы сарындағы ойындардың қатысы бар екені белгісіз. Алайда мектеп оқушылары арасында суицидке бару деректері болып жатқаны айқалталып тұр.

Жамбыл облыстық Білім басқармасына хабарласқанымызда олар да жастар арасындағы суицид деректері туралы көп нәрсені ашып айтпады. Тек осы оқу жылынан бастап «Облыстық психологиялық қолдау орталығы» ашылғанынан құлағдар етті. Аталған орталық оқушылар мен ата-аналарға, сондай-ақ педагогтердің өздеріне де кәсіби психологиялық көмек көрсетеді екен. Сондай-ақ мектептерде Котек, «Бестерек» сынды жобалар іске қосылып, «109» сенім телефоны іске қосылған. Осыған қарап отырып, білім саласына жауапты мамандарды мектеп оқушылары арасындағы суицид деректері алаңдатып отырғанын аңғару қиын емес.

Сондықтан сіз бен бізге болашағынан үміт күтіп, қызығын көремін деп отырған балаларымыздың ажал апанына айдап апаратын арандатушылардан аулақ болуы үшін жеткіншекпен пікір алмасу, оның ойын тыңдауға ден қойып, қадағалау жұмыстарын күшейту қажет. Түптеп келгенде, бала біздің болашағымыз екенін ұмытпаған жөн.

ОЙТОҒЫС

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Әлемі де бөлек, қаламынан туған туындылары да ерекше қазақ әдебиетіндегі классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына биыл ғасыр толды. Үш романымен қазақ әдебиетінен айрықша орын алған жазушының шығармалары әлемдік оқырманның да сүйіктісіне айналды.

Аралмен бірге тасып, бірге тулаған жазушының шығармашылығы көпке жақсы таныс. Әбдіжәміл Нұрпейісовтей ұлт ардақтысын құрмет тұтқан мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаевпен сұхбатымыз да қаламгер төңірегінде өрбіді.



— Қырымбек Елеуұлы, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ғасыр жасаған ғажап адам болғанын барша қазақ жұрты жақсы біледі. Әдебиетке де, қаламға да адалдық танытқан жанмен жақсы аралас-құралас болдыңыздар. Қазақ оқырманы «Әбе» деп асқақ тұтқан қаламгердің жалпы жұртшылық біле бермейтін қандай қасиетін жоғары бағалар едіңіз?

— Әбең — адамзаттың, табиғаттың тілін менгерген классик жазушылардың соңғы буыны. Бір кезде Сәбит Мұқанов Жазушылар одағының пленумында Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы «Сүйінші, сүйінші! Қазақ әдебиетіне мен 20 жыл күткен жазушы енді келді» деп айтқанын білеміз. Әбе адамзаттың тілін ғана емес, табиғаттың да тілін білген, түсінген жарықтық деп айта аламын. Өйткені ол кісінің қаламының арқасында маң далаға тіл бітті, өлген теңіз өксік айтып сайрап жөнелді емес пе? Соны біз «Қан мен терде» де, «Соңғы парызда» да оқып сезінеміз. «Табиғаттың тілін білді» деген — табиғаттың, тәңірдің тілін түсінді деген сөз ғой. Ұлы классик жазушының ұлтжандылығын, патриоттығын еске алайықшы. Қайта құрудың соңғы кезеңінде Кеңес Одағы Президенті Михаил Горбачев Алматыға келіп, алқалы жиын өткізген. Сол жиында қазақтың тілі мен жеріне жанашыр болып, ашықтан ашық сөз сөйлеген

осы Әбе болатын. Оны біз ешқашан ұмытпауымыз керек. Солженицынның атақты арандатушы мақаласы шыққан кезде де Әбенің саңқ ете қалған дауысы шыққан еді ғой. Махамбеттің осындайда мынадай бір шумағы еске түседі: «Азамат, сені сақтадым, Бір мүддеме керек деп».



Кейде кездескенімізде: «Сен биліктің маған берген әдемі пәтерінде отырып, ойлап қалма. Осы отырғанда біле-білсең, мен Аралдың жағасындағы қамыстан жасалған балық сасыған кішкентай күртенің ішінде отырғанымды аңсаймын. Құлағымнан теңіздің шуылы кетпейді. Аралдың балықшыларының, жылқышыларының жағдайын ойлаймын» деп жиі айтатын.

Әбе тәуелсіздік таңын қуана қарсы алды, тәуелсіздікке жанашыр болды, мен оның мұндай ұлтжанды әрекеттерін жақсы білемін. Екеуіміз де Аралдың топырағынан туғанбыз. Сондықтан Әбең биліктегі болып жатқан жақсы шешімдерге қуанып, әттеген-айларға үнемі ойын нақты ашық айтып отыратын. Мемлекеттің басшысына да, қарапайым жандарға да. Әбе: «Қоғамда жанарудың екі жолы бар: төмендегі әлеуметтік топтардың наразылығы артып, революцияға ұласып кетсе, кантөгіс болады, қисықтығы ше-

шілмейтін проблемаға айналып кетеді. Бұл жерде қоғамдағы элитаның, зиялы қауымның, жауапкершілігі өте жоғары болуы керек». Мұны өз әріптестеріне де, мәдениет, ғылым қайраткерлерімен кездескенде де жиі-жиі айтып отыратын еді. «Біз қоғамды модернизация-

берме, қызметіне зияны тиіп кетпесін» деп те айтатын. Ал мен «Ешқандай зияны жоқ, өйткені мен жеке адамның басына қызмет істеп жүргенім жоқ, еліме қызмет етіп жүрмін ғой. Сіздің ескертпеңізді ескеріп, жадымызда ұстау — парызымыз» деп жауап беретінмін. Сондықтан Әбенің мен білетін ең үлкен қасиеті — елге, ұлтқа, тілге, ділге, жерге жанашырлығы дер едім.

Нобель сыйлығының комитетіне ұсынсын» деп ұсыныс берген. Бірақ өкінішке қарай, біздегі билік тарапынан қолдау болмады. Ол кезде Мемлекет басшысын Бейбітшілік саласы бойынша Нобель сыйлығына лауреаттыққа ұсыну туралы жұмыс жүріп жатты, бұлар бір-біріне зияны тигізеді деген көзқарас та болған секілді. Сөйтіп, өкінішке қарай, Қазақстан

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,
Мемлекет және қоғам қайраткері:

ӘБЕ —

Біз мұндай ұлтқа нағыз жанашыр тұлға берген Жаратқанға алғыс айтуымыз керек.

— Нұрпейісов — Арал тағдырлас тұлға. Айдыны желкен керген Арал секілді әдебиетке бәрін берді. Сөздің нәрін берді. Тартылған Арал тәрізді ұлттық құндылықтардың жағаға шығып қалғанын да көрді... Әбең мен Арал егіз ұғым деп айта аламыз ба?

— Әбенің ғұмыры өзінің туған жерімен тағдырлас деп айтуымызға болады. Арал тартылса, Әбенің де рухани кеңістігі тартылғандай болады. Арал толса, көңілі мамыражай болып қуанады. Кейде кездескенімізде: «Сен биліктің маған берген әдемі пәтерінде отырып, ойлап қалма. Осы отырғанда біле-білсең, мен Аралдың жағасындағы қамыстан жасалған балық сасыған кішкентай күртенің ішінде отырғанымды аңсаймын. Құлағымнан теңіздің шуылы кетпейді. Аралдың балықшыларының, жылқышыларының жағдайын ойлаймын» деп жиі айтатын. Сондықтан өзін үлкен ғаламдық деңгейге көтерген прозасының негізгі күретаымыры Аралдың тағдырынан басталды. Сондықтан Әбе мен Арал егіз ұғым деп айтуға әбден болады.

— Жерлестерінің өмірін шығармасына арқау еткен Шолохов «Тынық Донмен» Нобель сыйлығын алды. «Қан мен терді» Нобельге ұсыну мүмкін болды ма? Әлде ондай ой болған жоқ па?

— «Қан мен терді» ұсыну туралы мәселені Қазақстан Жазушылар одағы емес, Францияның жазушылары көтерді. Өйткені Әбең шығармасын француз тіліне аударғаннан кейін олар таңғалған. «Мынадай шығарманың деңгейі өте биік, Нобель сыйлығын алған жазушылардың еңбектерінен артық болмаса кем емес. Сондықтан халықаралық ПЕН-клуб Швеция корольдігі жанындағы

ресми түрде Әбеге қолдау көрсеткен жоқ.

— Әбе әлемдік әдебиетке аты кеткен адам ғой. Ол кісі көшпелі қазақ көшінің соңғы жолаушысы секілді. Әбең арман-мақсат тұтқан дүниесіне жете алды ма?

— Ол кісінің тоқмейілсіп немесе бір дүниеге толық риза болып отырғанын байқаған емеспін. Мен сізге бірнәрсені айтайын, соңғы күніне дейін жарыққа шыққанына біраз жыл болған «Қан мен тер» трилогиясын жөндеумен жүрді. Мен сол ісіне қатты таңғалатынмын. Емханаға барып, палатасына карасам, үстел үстінде сол «Қан мен тердің» соңғы басылымы тұр. Шимайлап жазып тастапты. «Мына жерінде ойым соңына дейін жетпеген сияқты. Әуезов сияқты менде синонимдердің сандығы жетіспейді. М.Әуезов сияқты аш ішегін айналдырып жаза алмағаныммен, ең болмаса соған жақындайын. Мен бар болғаны Горький атындағы әдебиет институтын бітіргенмін, сосын солдат гимнастеркасымен жүріп, «Курляндия» романын жаздым, менің бірінші жазғаным сол арман болып шықты ғой» деп күліп алатын. «Нет предела совершенству» деген жиі айтатын еді. Сонда қарасаңыз, дүниежүзі мойындаған, әлемнің қанша тіліне аударылған, КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығы берілген еңбегін қайтадан жөндеп жазып отыратын. Ол «шығармашылықтың бәріне жеттім деп тоқмейілсуге болмайды» дегенді өмірлік қағида етіп алды.

— Өмірінде үш роман ғана жазды: «Курляндия», «Қан мен тер», «Соңғы парыз». Осы үш шығармаға бүкіл өмірін арнады. Ол кісінің бір шығарманы ұзақ жазуының сыры неде?

— Қысқа әңгімелер жазуына да болатын еді. Министр кезім, бірде бір ағайын бізді немересінің тұсаукесеріне шақырды. Жек-

ОЙТОҒЫС

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

сенбі еді. Жұмыста Әбеге қонырау шалып, көлікпен алып кететінімді айттым. Үйіне келсем, екінші қабаттағы өзінің кабинетінде тұсаукесерге байланысты өзінің ой-пікірін жинақтап жазып отыр екен. Мен күліп: «Брежнев сияқты әр сөзді қағазға жазып отырсыз ба?» дегем. Ал ол болса, «Бұл — кішкентай баланың тағдыры, мен қазір үлкен атасы ретінде сол балаға батамды беріп, өз сөзімді айтамын. Бұл оның тағдырына ықпал етеді. Бұл сөздің өзі де, оның энергиясы да балаға әсер етеді. Сондықтан айтылған сөзге атүсті қарауға болмайды. Сендер, бастықтар атүсті сөйлей саласындар, мән бермейсіңдер. Ал мен дайындалып барамын»

казакта ондай дәстүр жоқ, бұнын жақсы ырым емес екенін айта бастап едім, ұрсып берді. Бір кезде «Тыңда, мен айтайын» деп әңгімесін бастады.

«Кезінде бұл далада үлкен Тетис деген мұхит болған. Ол қайтқаннан кейін төрт теңіз пайда болды: Каспий теңізі, Қара теңіз, Азов теңізі және Арал теңізі. Мынау — теңіздің үшінші рет қайтуы. Мұның бәрінің өз себептері бар. Бұл тек экологияға байланысты емес. Адамның ниетіне де байланысты. Бұл — адам ниетінің де энергиясы бар деген сөз. «Салыстырмалылық теориясында» Альберт Эйнштейн өзі келтірген формулада бір энергия бар екенін және сонын табиғатын түсіне алмай, «масса»



ӘДЕБИЕТ АЛЫБЫ



дегені. Кейін маған да «үлкенді-кішілі шараларға барсаң да, неге бара жатырсың, аудиторияда қандай әңгіме болады, соған байланысты ойынды жинақтап барғаның дұрыс болады» деп кеңесін беретін болды. Бұл маған өмірлік сабақ болды.

— Ол кісі тірі кезінде туған жері Арал ауданындағы Беларанда моласын салдырғанын білеміз. Бірақ Әбдені Беларанға емес, Кеңсайға жерледі. Ол кісінің аманаты солай болды ма?

— Менің атам — Аралдың атакты жылқышысы, Социалистік Еңбек Ері Көшербай деген ақсақал. Ал әкем Сыр елінде бірнеше аудандарды басқарған. Менің үлкен атам Әбенің ағасы, әкем інісі болады. Сондықтан Әбең маған «Әй, бала» деп сөйлейтін. Маңғыстауда әкім боп жүргенде бір күні телефон шалып: «Әй, бала, сенің елінде уақыт өткен сайын, жел ескен сайын, жаңбыр, қар жауған сайын қатай түсетін әдемі жақсы ұлу тас деген болады екен. Сәулетші Саин Назарбековтің «Домалақ анаға» салған сондай ұлу тасын көрдім. Маған қатты ұнады. Сондықтан мен де Беларанда өзіме сол тастан мола салғым келеді» деді. Содан мен

деп жазғанын айтады. Бірақ ол масса емес, оның ар жағында үлкен гравитациялық па, әлде басқа бір энергия жатыр. Ол энергияның табиғатын өзі де түсіндіре алмайды. Қазір көптеген құндылық құлдырап бара жатыр, адамзаттың ниеті бұзылған. Егер ниеті түзелсе, теңіз қайтып толуы керек», — деді.

Сондықтан Әбе: «Әй, бала, ағаңның ниетін орында, Беларанда маған жақсылап кесене тұрғызып бер. Сол биікте күтіп жатайын, мүмкін бір кезеңде Аралдың жағаға соққан толқыны қайтадан құлағыма естілер, шағалалар қайта ұшып келер» деп айтқанда, жүрегім бұзылып, көңілім толқып, «Айып етпеңіз, айтқаныңыз болсын! Мен атүсті қараған екенмін. Айтқаныңыз келсін, Аралымыздың арнасы қайта толсын, халқымыздың несібесі мол болсын!» деп айтқанына көндім. Еске алайық, казак тарихында да бар ғой, Есет батыр қайтыс болар алдында былай депті: «Ақтөбе аймағында жатып, Ресейге қарсы казак жерін аяғыммен тіреп жатайын» деп аманат айтыпты. Немесе Жанқожа батыр. Ол да Қызылқұмда жатыр. Ол — қоқандықтармен, хиуалықтармен, патша

әскерлерімен соғысып, Каспий мен Аралдың ортасында елдің тәуелсіздігін қамтамасыз етемін деп 86 жасына дейін аттың үстінде жүрген батыр. Ол да қайтыс болар алдында аманат қалдырған. «Басымды құбылаға қаратпандар, мен Қызылқұмда казак жерін тіреп жатайын» депті. Әбең де сондай максатқа келген ғой.

Қызылордадан Аралға — 700, Аралдан Беларанға жету үшін 200 шақырымнан астам жол жүру керек. Сондықтан болар, «Балаларға қиын болар» деп пандемия кезінде әбден ойланды. Әбе қайтыс болар алдында, 2 жыл бұрын Аралда әдеби шығармашылық музей үйін салғанбыз, «Соңғы парыздың» кейіпкерлеріне ескерткіш қойғанбыз. Соны барып өз көзімен көрген. «Ол жерде де еңбегімнің белгісі бар ғой, Беларанға да осы жердегідей шығарма авторының шыққаны туралы тасқа жазып қойған екенсіңдер. Халық ол жерде бәрін біледі. Бірақ ұрпақтарыма қиындау болатын сияқты. Оның үстіне жұбайым да, екі қызым да Алматыда жатыр. Жарайды. Бірақ қол тигенде, ағаң еске түскен кезде, Аралға жол түскен кезде барып тұрарсындар. Менің сол арманымның орындалғанын тілендер. Арал қайта толсын!» — деді. Өз аманатымен Кеңсайға жерленді.

— Көрнекті жазушы Дулат Исабеков қаламгер туралы әзіл-қалжыңдарын жиі айтып отырады. Сіздің қалжыңдасқан кезіңіз болды ма?

— Ия, Әбе негізі көңілі мамыражай кісі еді ғой. Бірақ өте талапшыл еді. Қай жерде де өз дегенінен қайтпайды. Сондықтан үлкен кісі болған соң қабағына қарап отырамыз. Әбенің өткен өмірінде қарап отырсаңыз, негізінен асықпай, саспай сөйлейтін, сабырлы әңгіме айтқан

ды жақсы көрген. Әзілді де жақсы көретін. «Сенің әкелеріңді жүрегіммен, сені санаммен жақсы көремін. Солардың ұрпағы болғасын», — деп айтатын. Одан кейін жаңа ғана тілі шығып келе жатқан балалармен сөйлескенді ерекше жақсы көретін. Әбе аяқ астынан үйге келіп, шай ішіп кететін. Алдын ала телефон арқылы хабарласып, келетінін айтпайтын. Үйге тілі шығып келе жатқан балаларымен сөйлесу үшін келетін еді. Кішкентай баланың қулығы жоқ, тек шынын айтады ғой. Соны рахаттанып күліп, шай үстінде арқа-жарқа болып отыратынбыз. Бізде үш бөлмелі пәтер ғой, соның біреуін қазақы үлгіде жасап қойғанбыз. Сол бөлмеге кіріп алып, аяқ созып, екі көпшікті қолтығына салып отырып алады да, «философияға толы күй тыңдайыншы» деп, маған Қазанғаптың күйлерін шерткізетін.

— Талант — талап пен еңбектің тығыз ұштасуы. Әбеңнің бос уақыты қалай еді: қандай да бір хоббиі бар ма еді, нені жақсы көрді, сүйікті ісі не еді?

— Әбенің ең жақсы көретіні — өзінің туған ауылына барып, Аралдың жағасында соққан желге көзін жұмып, төсін кере тұрып кен тыныс алу. Осыны ерекше жақсы көрді. Ол маған: «Сендер бұндайды түсінбейсіңдер», — дейтін. Қайыққа мініп, ішінде көзін жұмып отырады. Ол жерде Қамбаш деген көл бар, Арал теңізінің жағасында Ақшатау деген төбе бар. Ата-бабаларымыздың төбесі. Сол жерге отырып, әртүрлі естелігін, арасында қызық әңгімесін айтып, күлдіріп отыратын. Сол жерде өзімізше, көшпенділердің дастарханын жайып жіберіп, талай естеліктерді айтамыз. Қызылордаға жылына бір келіп, ата-баба жерін аралап кетеді. Мен Әбене «атқа не түйеге мініп,

анда-мұнда барайық» десем де, айтқаныма көнбей, теңіз жағасында қалады. Ашаршылық кезде елді аман алып қалған балықтан әртүрлі тамақ жасалған ғой. Оның ішінде карма деген дәм бар, «казахский уха» деп айтуға болады. Сол балықты 1-2 рет қайнатып жегенді жақсы көретін. Балалық шағы еске түсетін болуы керек. Бала кездегі жеген сүйікті асын ансап тұратын.

— «Қан мен тер» фильмі түсірілді. Бірақ ол кеңестік кезеңнің идеологиясымен түсірілгенін білеміз. Одан кейін бұл туындыға көркем дүние жасау ойға келмеген сияқты.

— Ол фильм көбімізге ұнамайды. Өзіңіз де білесіз, кеңестік цензураның кезінде түсірілді. Көп дүние айтылған жоқ. Қазір «Қан мен тер» трилогиясын үлкен ауқымды дүниеге айналдыруға болады. Оны түсіретін білікті режиссерлер де бар. Егер мемлекеттік тапсырыс болса, трилогиядан жақсы киноэпопея жасауға болады деп ойлаймын.

— Жазушының жазған естеліктері, күнделік кітаптары бар ма? Өзінің балалық шағы туралы не жазды?

— Бірде өзі құрметтейтін тұлғалар туралы жазып, оны бітіргеннен кейін балалық шағы туралы естеліктер жазғысы келетінін айтқан. Солай түртіп жазғандары бар. Руханият қайраткерлері болған үш тұлғаны ерекше айтамыз ғой: Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков. Илияс Омаровпен жақсы қарым-қатынаста болды. Бір-бірін ерекше құрметтеді. Сол Илияс Омаровты Аралға апарып, балықшылармен бірге жүріп, теңіздің тынысын сезіндіріп қайтқан екен. Ауылға барып, «Қан мен тердің» кейіпкерлерімен таныстырып, елді аралатып көрсетіпті.

Өкінішке қарай, жазамын деген жобасы іске аспай қалды.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Тарихта өркениеттің озық үлгісіне айналып, адамзат мәдениетінің бір бөлігіне айналған жібек матасы инновациялық жетістіктердің бірі десек болады. Ерте және ортағасырлық дүниежүзі тарихында ешбір өнім жібек тәрізді әйгілі болып, әлемдік саудада өзіндік із қалдырмаған деп айтуға болады. Әйгілі сауда керуені – «Ұлы Жібек жолының» осы тауардың атымен аталуы соның дәлелі. Жібек матасының «отаны» саналған қытай халқы әлі күнге дейін осы бір құны алтыннан кем саналмайтын мата түрін әлемге экспорттап келеді. ҚХР астанасы Бейжіңде Қытайдың қоғамдық дипломатия қауымдастығы (CPDA) бастаған 100-ден астам шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өкілдеріне арналған СІРСС бағдарламасы аясында біз де жібек матасының тарихына сүңгі түстік.



**Наурызбек
САРША**

ЖІБЕК МУЗЕЙІ

Бағдарлама аясындағы келесі сапарымыз Ханчжоу қаласы болды. Бұл өлке өзінің жібек өндірісімен танымал. Қаншама ғасырлар бойы дәстүрлі түрде жібек өндіріп келе жатқан өңір бүгінге дейін бабалар мұрасына адалдық танытып келеді. Біз бұған қаладағы Қытай Жібек мұражайына бас сұққанымызда көз жеткізе түстік. Қашанда мәдениеті мен тарихына құрметпен қарайтын қытай халқы жібек матасының өзіне әлемдегі ең үлкен музей салған екен. Музей іші өте кең және мұнда әр бөлме әр кезеңдегі жібек матасы тарихынан сыр шертеді. Мұның бәрі Қытайдағы жібек құртының 5000 жылдық тарихына арналған. Мұражай экспозициясы бірнеше тақырыптық кеңістікке бөлінген. «Тарих залында» сирек кездесетін фотосуреттер, археологтар тапқан көне құралдар, жібек маталардың үлгілері сақталған. Олардың ең көнесі біздің заманымыздан бұрынғы 3 мыңжылдыққа жатады. Мұнда келушілерге Ұлы Жібек жолының тарихы мен маңызы таныстырылады. Тоқу және бояу залында жібек өндірісінің кезеңдері көрсетілсе, тұт ағашы залында жібек құртының құпиялары ашылады. Соңғы технологиялар мен Қытайдың жібек өндірісіндегі табыстары туралы баяндайтын қазіргі заманғы жетістіктер залына маңызды мән берілген. Шеберлер жібекке кесте тігу процесін көрсететін де зал бар. Тіпті, мұражай қабырғасында үнемі өткізілетін көрмелер мен сатылымдарда көне технология бойынша жасалған бірегей жібек бұйымдарын сатып алуға да болады екен.

Музей қабырғасында: «Ежелгі Қытайда Жібек шаруашылығының пайда болуы туралы көптеген мифтер, аңыздар мен жазбаша дәлелдер болған. Өткен ғасырда археологиялық жаңалықтарда Жібек кокондары, Жібек жасау құралдары және неолит дәуіріндегі ежелгі Жібек сынықтары 5000 жыл бұрын Янцзы (Чанцзын) және Хуанхэ өзендерінің аңғарларында Жібек өсіру шеберханаларының жұмыс істегені туралы ғылыми дәлелдер келтірді. Жібек ежелгі Қытай өркениетінің басты ерекшелігі болды. «Ерлер егіншілікпен айналысады, ал әйелдер тоқиды» деген ежелгі сөз ежелгі Қытайдағы феодалдық қоғамның тұрақтылығы мен сабақтастығының негізін көрсетеді» делінсе, тағы бір жерде: «Жібектің шығу тегі туралы көптеген мифтер мен аңыздар бар, сонымен қатар жібек құртының құдайлары мен Жібек өсіруді ойлап тапқандарға табыну мен құрбандықтың көптеген түрлері бар. Ресми түрде мақұлданған аңыздар жібек шаруашылығын жасаушы ретінде мифологиялық сары императордың әйелі Лей

МАТАЛАРДЫҢ «АТАСЫ» –



Цзуға немесе Силиншиге жатады. Сонымен қатар халықтық мифтер жылқы басы бар әйел мен атқа мінген патшайым Құдайы туралы айтады. Ол жібек құрттарын өсірген алғашқы адам болды және кейінірек Жібек өнертапқышы ретінде табынатын болды» делінеді. Осы кезде бізге келіп жеткен аңыздың бір нұсқасы жадымызға оралды. «Бір күні патша Шуан Юаншы мен тоқалы Лей Цзу аулада тамақ ішіп отырады. Самал желдің тербеуінен қасындағы тұт ағашының басынан кеселеріне жылан пішіндес бір құрт түседі. Лей Цзу құртты алып, алақанына салады. Ішіп отырған тамақтары ыстық болғандықтан, келіншектің қолы ыстыққа шыдамай, құрт қайтадан ыдысқа түсіп кетеді. Лей Цзу қолы күйіп қалмау үшін тырнағымен ақырын ғана құртты алып тастамақ болады. Дегенмен байқаусызда тырнақ құрттың қабығын жарып кетеді де, ішінен бір тал жібек шығады. Келіншек қайран қалып жаңағы жіпті тарта бастайды. Ол тартқан сайын ұзара түседі. Содан Лей Цзу жібектің бір үшін саусағына орап, құрттың ішіндегі жібек таусылғанша тарта береді. Жарқылдаған жіпті көргенде Лей Цзу өзінің кендірден тоқитын кездесінін осы жіппен тоқуды ойлайды. Сонымен қатар жібек құртының қайдан түскенін іздейді. Сонан оның тұт ағашында өсетінін байқайды. Артынан осы құрттардың тұрмыс-тіршілігін мұқият бақылай келіп, жібек құртын өсіруге тәуекел етеді. Кейіннен бастаған ісі нәтиже беріп, келіншектің түрлі түсті маталарын айнала-сындағы тұрғындар қызығушылықпен сатып ала бастайды. Өстіп жібек өндірісі жолға қойылады».

Музейді аралап жүріп, «жібек матасы біздің өлкеге қай уақыттарда келе бастады, біздің бабаларымыз алғаш қалай пайдаланды?» деген сұрақтар көкейге жиі ұялай берді.

ҚЫТАЙ АТАУЫ МАТАДАН ШЫҚҚАН БА?

Кезінде жібек маталарының өте сапалы «К-тай» деп аталатын түрі Азия мен Еуропада аса кеңінен сұранысқа ие болған деседі кейбір деректерде. Кейіннен осы матаның атауымен «хансулар» деп талай ғасыр аталып келген жұрт, келе-келе Қытай елі деп атала бастады. Сөйтіп, мата-

ның атауы тұтас бір елдің атына айналған дейді кейбір ғалымдар. Бексұлтан Нұржекенің жазуынша, ертеде түркілер жібек матасының қалай жасалатындығын білу үшін пысық бір жігітті Қытайға сапарға аттандырған көрінеді. Ол барған жерінде қалың шашты бір қызға үйленеді де, оның шашын ұп-ұсақ қырық өрім етіп өргізеді. Сөйтіп, әр өрімнің түбіне бір, ұшына бір жібек құртын тығып, сексен жібек құртын Қытай елінен алып өтеді. Міне, дәл осылай түркі халықтары арасында да жібек мата өндірісі қолданысқа ене бастайды.

Шет жерлерден әкелінген жібек, жүн маталар көшпенділер тұрмысына өте көне заманда енген. Біздің жерімізді мекендеген ғұн тайпалары Қытайда шығарылған жібек, мақта маталарды сый ретінде, соғыстан түскен олжа және шаруашылық өнімдеріне айырбастап алған. Сырдариядағы Жетіасар қорғандарынан қызыл күрән жібек маталардың бөліктері табылған. Бұл Орта Азия территориясынан өткен Ұлы Жібек жолы керуенінің маталарын көптеген халықтар сатып алғандығын көрсетеді.

ЖІБЕК МАТАСЫНАН ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНА ДЕЙІН

II мыңжылдықтың ортасында Шығыс Түркістан мен Орта Азия аймағына жібек етене ене бастайды. Сапалитеп (Өзбекстанның оңтүстігі) қаласының маңынан б.з.д. 1700-1350 ж. жататын жібек қалдығы табылды.

Деректерге көз салсақ, Ұлы Жібек жолының қалыптасу генезисі Қиыр Шығыстың солтүстік, батыс және оңтүстік батыстағы елдермен байланыс орнатпаса мүмкін болмас еді. Бұл үдеріс ежелгі қытайлықтардың Моңғолия және Шығыс Түркістанның көшпелі тайпаларымен және көшпелі тайпалардың өзара қарым-қатынасы (юэжжи, үйсін, ғұн) нәтижесінде қол жеткізілді. Хан династиясының билігі басында (б.з.д. 202 ж.) Шығыс және Орталық Азия аймағында байланыс жүйесі қалыптасып, ол Солтүстік Қытайдан Амур, Байкал, Минусинск қазан-шұңқырын, Алтай, Тянь-Шань, Памир және Тибет аймақтарын қамтыды. Белгілі америкалық ғалым Эдвард Хетцель Шефер «Жібек жолы тарихында сауда жолымен жүз алпыс тоғыз тауар түрі, он сегіз тауар топ-

тамасы тасымалдаған» деп көрсетеді. Осы тауарлардың ішінде ең басты және маңыздысы жібек болғандықтан сауда жолы «Жібек жолы» деп аталып, бұл атау халықаралық қауымдастықпен қабылданады.

«Жібек жолы» тек қана сауда-саттықты ғана емес, мемлекет пен елдердің арасындағы достық және бейбітшілік қатынастарды да жоғары деңгейге көтерді. Ол дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

ЕЛІМІЗДЕ ЖІБЕК ҚҰРТЫН ӨСІРУ ҚОЛҒА АЛЫНБАҚ

Жібек құртын өсіру, мата өндіру ісі еліміздің оңтүстік өңірлерінде дамып келеді. Әсіресе, Түркістан облысы Жетісай ауданында бұл істі қолға алған кәсіпкерлер аз емес. Ал жуырда «Ауыл аманаты» жобасы аясында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің қолдауымен «Жер-Ана» ауыл фермерлері» корпоративтік қоры Тараз қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында «Тұт ағашын өсіру арқылы жібек құртын өндіру» тақырыбындағы бизнес-жобасының презентациясын жасаған еді. Жобаның таныстырылымына фермер-әйелдер, іскер әйелдер, ғалым, колөнер шеберлері, қоғам белсенділері қатысты.

Осы ретте «Жер-Ана» ауыл фермерлерінің корпоративтік қоры құрылтайшысы Мария Ибраимоваға хабарласып, аталған жоба туралы сұрап білдік. «Бірнеше жыл бұрын Өзбекстанның ауылдарын аралап көрдім. Әйелдер егіндікте де істейді, үйлерінде жібек құртын да өсіріп отыр. Совет заманында бізде де болған еді бұл кәсіп. Жібек Жолы ауылында бұрын жібек құртын өсірудің орталығы болған. Сол жерде Орман шаруашылығында 7 гектар жерде тұт ағаштары сақталып қалыпты. Енді сол ауылды Жібек Құртын өсірудің орталығы етпекпін. Біз 30 мың тұт ағашын ектік. Ол ағаштар 3 жылдан кейін дайын болады. Сол ауылдың жастарынан әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация құрдық. Оларға қосымша Тұт ағашын егуге 7 гектар жер, жібек құртын өсіріп одан өнімдер шығаратын орталық салуға тағы 60 сотық жер бөлінді. Орталыққа жеңілдетілген «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 40 миллион теңге бөлінді. Жақын арада қаржы түсіп, құрылыс басталмақ. Қазірдің өзінде 50 қыз-келіншекті оқытып, дайындап қойдық. Байзақ ауданының ауыл әкімдерін Маргелан облысына апарып жібек құртын өсіріп, өнім шығаруды көрсетіп қайттым. Аналарды да апардым. Бәрі таң қалып келді. Келер жылы жібек көрпе мен жастық шығарсақ деп мақсат қойып отырмыз. Облыстық әкімшілік қолдап отыр», – дейді ақ жаулықты әжеміз.

Түйін:

Жалпы, жібек матасынан көл-көсір пайда табуға болады. Қаншама ғасырлық тарихымен адамзатпен бірге жасасып келе жатқан бұл матаға деген сұраныс көбеймесе, азаймас. Мысалы, қазіргі уақытта Қытай – әлемдегі ең ірі жібек өндіруші және экспорттаушы мемлекет. Қытайдың барлық жібегінің 70%-ы экспортқа шығарылады. Шикі жібек өндіру көлемі әлемдік өндірістің 70%-ы және әлемдік экспорттың 85%-ын құрайды. Қытай жібек өнімдерінің экспортын өткен жылы 801 миллион долларға жеткізген екен. 2023 жылы Қытайдан жібек экспорттаудың негізгі бағыттары 19,8% үлесі бар Италияға (159 миллион АҚШ доллары), 16,3% үлесі бар Үндістанға (130 миллион АҚШ доллары), Вьетнамға 7,02% үлесімен (56 миллион АҚШ доллары), Пәкістанға 6,89% үлесімен (55 миллион АҚШ доллары), 6,63% үлесі бар Жапонияға (53 миллион АҚШ доллары) сауда жасаған. Бұдан бөлек, дамыған бірнеше мемлекет бар. Демек, жібек тек қана мәдениет, өнім ғана емес, экономиканың басты драйвері саналып отыр. Ендеше сән-салтанат құрған мынау дамыған заманда жібек матасы адамзатпен әлі де бірге жасай бермек.

ТАНЫМ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ НОМАДТЫҚ ҮЛГІСІ

Бізде «Қазақ мұсылманшылығы» деген таусылмайтын тақырып бар. Қатпар-қатпарына мың рет еніп, мың рет пұшпағын илесенде айтар сөз бір түгесілмейді. Тарихи аспектіден қарасаң жазба деректен гөрі ауызша мәліметі басым, заттай деректен гөрі әдеби қуаты салмақтырақ, бір сөзбен айтқанда, қазақ руханиятын, қазақ діндарлығын – жырынды да, жұмбақ әлем дерсің. Негізінде, Дешті-Қыпшақты әрлі-берлі өткен кезбелер мен саяхатшылардың жазбаларында боз даланың боз мұнары хақында азды-көпті айтылған деректер ұшырасатыны жасырын емес. Десе де, бір қарап өтіп, бере салған олардың бағалаулары ұлт хақында толымды пішін қалыптастыра алмайды. Есесіне қазақтың өз-өзіне айтқан өсиеттері, жырдастандары, нақыл сөздерінде ұлттың имани келбеті айқын аңғарылады. Демек, қазақ туралы сөйлерде, оның қуанышы мен қазбатын қатар жырлаған фольклорлық деректерсіз бірдеңе деу қиынның қиыны. Осы факторды мойндасақ ғана, «Қазақ мұсылманшылдығы» туралы толымды тұжырым жасай алмақпыз.

Әсілі Ислам дінімен алғаш бетпе-бет келетін ерте қазақ дәуірі – түркеш, қарлұқ, қаракан, оғыз, қыпшақ, қимақ, хорезмшах мемлекеттері тұсындағы руханият хақындағы тарихи мәліметтердің әлі классификацияланған қорытындысы жоқ. Әр тарихшы оң жамбасына келген мәліметті өзінше жорытып, өзінше тұжырымдайды. Мәселен, 751 жылы болған «Атлах шайқасы» жөнінде Ибнул Әсир секілді сарай тарихшылары Аббаси билігінің дәрпін асыру мақсатында оны «ғазуатқа балап» асыра бағаласа, Балазур секілді Аббаси дәуірін терең зерттеген классикалық тарихшылар «Талас ғазуаты» жөнінде жақ ашпайды. Осыған байланысты, «Атлах шайқасын» тарихшылардың бірі «қасиетті соғысқа» бала-са, келесі бір тарихшылар оны түркештердің өз арасындағы азаматтық соғыс деп ғана есептейді. Біздің мұсылманшылықпен бетпе-бет келген ілкі кезеңдегі тарихи оқиғаларға қатысты осындай сыңаржақ пікір өте көп. Әлбетте, ол үшін деректану ғылымының критерийлерімен аталған мәліметтерді сыныптау ләзім. Сонда бұл мәселелер қайта-қайта дау тудырмайтын болады деп ойлаймыз.

Шынтуайтында, ұлттық өзегімізді түркі атауы жүрген жердің бәріне апарып таңсақ та, бүгінгі қазақ ұлтын негізінен қыпшақ тайпалары құрағаны баршаға мәлім. Сол себепті қазақ халқы үшін отырықшы түркілердің ертеректе ислам дінін қабылдауы, ұлт тарихына жанама қатысы болуы ықтимал. Бірақ тікелей қатысы болды деп айта алмаймыз. Ал көшпелі түркі жұртының

ислам дінін жаппай қабылдауы Алтын Орда дәуірінен басталатыны айнымас тарихи шындық. Түркі жұртының діни сенімге байланысты қазақ хәм қалмақ болып ірге ажыратқаны да осы кезеңге келіп тіреледі. Бұл жөнінде Алтын Орда тарихшысы Дремов өз зерттеулерінде жан-жақты зерттеп, ғылыми тұжырым жасаған. Яғни, қазақ тайпаларының басым бөлігі Өзбек ханның (1312-1342) діни реформасы кезінде Ислам дінін қабылдаған. Осы үдеріс барысында Ислам дінінен теріс айналғандар «қалмақ» категориясына жатқызылған. Діни реформадан мақұрым қалғандықтан, ескі сенімде қалған жұрағаттың өмір сүру үлгісі басқаша өріліп, бірте-бірте ірге ажыратып, бірнеше ғасырдан кейін мүлдем басқаша ұлтқа айналған. Исламды қабылдаған қыпшақ тайпалары болса, өзінің тұрмыс-тіршілігін Хақ діннің шарттарына бейімдеп, сөздік қорына араб-парсы сөздерін ендіріп, этнографиясын шариятқа икемдеп, дүниетанымын әһлі-сүннет ақидасына сәйкестендіре бастаған. Бір сөзбен айтқанда, біздің мұсылманшылдық негіздеріміз осылай Алтын Орда дәуірінде қалыптаса бастады деп кесіп айта аламыз.

Алтын Орда мемлекеті ыдырап, көшпелі жұрттың өкілдері өз алдына бірнеше жеке отау тіге бастаған шақта, Дешті-Қыпшақта Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен Қазақ хандығының шаңырағы көтерілді. Шыңғыс хан ұрпақтары билік жүргізген Жетісудағы Моғолстан, теріскейдегі Ібір-Сібір (Көшім хандығы) жұрты, батыстағы Ноғай ұлысы,



Мәураннахрдағы Темуридтер мен Шайбанилерге қарағанда Қазақ хандығының мемлекеттік тұрпатының өзіндік біршама ерекшелігі болды. Ол ерекшелік негізінен ұлтымыздың номадизмге бейім өмір сүру үлгісі еді. Бұл қазақ хандығының ежелгі Сақ, Ғұн, Түрік, Қыпшақ бірлестіктері қалыптастырған көшпелі өркеніеттің жалғастырушы мирасқоры екенін білдіретін. Прототүріктер дәуірінде мемлекет істерінде «Төре», «Бітік», «Ясама», «Ұлы Яса», «Жасак» секілді ата-бабаларымыздың өмір сүру заңнамасы басшылыққа алынды. Қазақ хандары осы үрдісті жалғастырып, көшпелі халықтың қоғамдық мүддесін қанағаттандыратын XV ғасыр басында «Қасым ханның қасқа жолы», XVII ғасыр басында «Есім ханның ескі жолы», XVII ғасырдың аяғына қарай өз-Тәуекенің «Жеті Жарғысы» секілді заңнамаларды қабылдап, көшпелі мемлекетті күшейтетін саяси-құқықтық құжаттарды қолға алды. Аталған құқықтық құжаттар Қазақ халқының басқа мұсылман халықтарға ұқсамайтын дара өмір сүру үлгісін қалыптастырды.

Қазақ халқы Ислам дінін Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның кезінде қабылдағанымен, мемлекетті басқару, қоғамдық қатынастарды реттеу, қылмыстық істерде жаза тағайындау, отбасылық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі ұстанған жолы – шарият заңдарынан мүлдем бөлек болатын. Шыңғыс ханның «Ұлы Яса» заңының кейінгі сілемі саналатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», өз-Тәуекенің «Жеті Жарғысы» секілді заңнамалар рулық қатынасты реттейтін хәм көшпелі өмір сүру ерекшеліктеріне тән құқықтық құжаттар еді. Қазақ халқының мұсылманшылығы Құдайға деген сенімі (ақида ілімі) мен құлшылығында (ғибадат бабы) ғана көрініс тапты. Ал

шарияттағы мемлекеттік басқару (ахқамус-султания), азаматтық істер (муамалат), қылмыстық істер (уқубат), отбасылық істерінде (ахуал-шахсия) жоғарыда көрсетілген дала заңдарын басшылыққа алды. Өйткені шария заңдардан қарағанда дала заңдары көшпелі ғұмырдың мәселелерін әділ әрі тура шешетін. Мысалы, казактардың билікті қасиетті санап, оны алтын ұрық өкілдеріне (төрелер) тапсыруы, құқықтық билікті билер мен шешендерге беруі, әскери билікті батырлардың еншісіне қалдыруы, қылмыстық істерге қатаң жазалар тағайындауы, әлеуметтік істерді рулық-туысшылық қатынастар арқылы шешуді басшылыққа алуы тағы басқа құқықтық нормалар көшпелі халықтың мүддесіне дәлмедәл сай келетін. Осы себептен де, мұсылман қазақ халқы діннің аса қажетті нормасы саналатын ақида ілімі мен ғибадат ережелерінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстана отырып, өзге қоғамдық мәселелерді дала заңдарымен реттеуге басымдық берді. Қала берді Қазақ халқының өмірлік бұл ұстанымы Әбу Ханифа ережесіндегі «урф» (әдет-ғұрып) қағидасына теріс емес-тін.

Қазақ халқының қонсы мұсылман елдеріне ұқсамайтын осындай дара ұстанымы кейде діни түсініспеушілікті де тудырып отырды. XVI ғасыр басында Шайбани билеушісі Мұхаммед Шайбани казактардың мұсылманшылығына күмән келтіріп, Сыр бойы қалаларын Бұрындық және Қасым хандардан қайтарып алу үшін қасиетті соғыс ұранын көтерген болатын. Осы жорыққа қатысқан тарихшы Рузбехан «Мехман-наме Бұқара» атты трактатында Қазақ халқының өмір сүру үлгісіне сын көзбен қарағанды. Алайда сол дәуірден хабар беретін өзге дереккөздерде Қазақтардың мұсылманшылыққа берік екені айтылады. Мысалы,

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рәшиди» және Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасында» казактардың дініне күмән келтіретін мағлұмат көрсетілмейді. Сондай-ақ XVI ғасыр соңында батыс Қазақстан даласында болған А.Дженниксонның жазбаларында «Қазақтардың Мұхаммедтің дінін ұстанатындығы» баяндалған. Демек, жоғарыдағы Рузбехан «Мехманнаме Бұқара» атты трактатында Қазақ халқының өмір сүру ерекшелігіне дұрыс көз жеткізбегендіктен, біржақты пікір білдірген деп ойлаймыз.

Ал Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хандардың Ясауи және Нұхшбанди тариқатының мұриттері болғандығы белгілі. Олардың кезінде бола бастаған қазақ-қалмақ соғыстарының астарында діни мүдде жатқандығы да тарихшы қауымға аян. Қазақ хандығының соңғы дәуіріне тән орыс деректерінде де көшпелі халықтың Ислам дінін ұстанғандығы айтылады. Мәселен, Орта жүз жерінде хандық жүйені жойып, аға сұлтандық өкіметті орнатқан С.Броневский «О киргиз-кайсаках Средней Орды» атты еңбегінде казактардың мешіттері болмағанымен, Мұхаммедтің дінімен өмір сүретінін, олардың арасында дін насихатын жүргізетін ахун, мулла, жоғалардың болатынын жеткізеді. М.Красовский «Область сибирских киргиз» деп аталатын үш томдық еңбегінде казактардың Құрбан айт мерекесін ақсүйек саналатын сұлтан, жожа, молда және қаймана казактардың қалай тойлайтынын баяндайды. Ал атақты этнограф Г.Потанин: «Қырғыз даласында мұсылмандық жылдан жылға күшейіп келе жатыр» деп, ал оның күшеюіне орыс үкіметі тағайындаған татар молдалары емес, Бұқарадан оқып келушілердің әсері бар екенін тілге тиек етеді.

Түйін:

Алла Тағала Құран Кәрімде «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен өмір ет және надардан теріс айнал» («Аграф сүресі», 199-аят) деп бұйырады. Алла Елшісінің (с.ғ.с) сүннетінің де бір бөлігі (тақрири) әдет-ғұрыпқа негізделген. Әбу Ханифа мәзһабы бойынша әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер шарият негіздеріне қайшы келмесе, оны құқықтық шара ретінде басшылыққа алу әбес емес әрі әдет-ғұрыппен берілген үкімдер қоғамда әділеттің орнығуына септесе, онда бұл шария үкімнің орнын басқан болып саналады. Ал қазақ халқының дүниетанымында даланың Жарғы заңдары ең әділетті заң саналған. Демек, қазақ халқының номадизм парадигмасы көшпелі әлеуметтік өмірдің сұранысын қанағаттандыратын бірден-бір озық үлгі болып есептелген. Бабаларымыздың бұл дара ұстанымы – бүгінгі қазақ қоғамының түйіні ағытылмаған діни аспектілеріне прецедент бола алады деп ойлаймыз.

Ермек МҰҚАТАЙ,
Шығыс Қазақстан облысының
Бас имамы

НОБЕЛЬ-2024

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

Оңтүстіккореялық жазушы Хан Ган «тарих салған жарақатқа қарсы тұруға үндеп, адамзат ғұмырының нәзік қырларын ашатын поэтикалық прозасы үшін» биыл әдебиет бойынша Нобель сыйлығына ие болды. 53 жастағы Хан Ган – осы сыйлықпен марапатталған тұңғыш оңтүстіккореялық қаламгер, сондай-ақ бүгінге дейінгі 121 Нобель лауреаты ішіндегі 18-ші әйел.

А Ботагөз
МАРАТҚЫЗЫ

Хан Ган өзінің ең танымал романы «Ет жемейтін әйел» (Кореяда 2007 жылы жарыққа шыққан, ал ағылшын тіліне 2015 жылы аударылған) туындысы үшін 2016 жылы Халықаралық Booker сыйлығын иеленген. Айтпақшы, бұл сыйлық Хан Ган мен оның аудармашысы Дебора Смит арасында бөлінген. Сол уақытта Смиттің аудармасына біраз жұрт дәлдік жағынан көңілі толмай, қоғамда қызу пікірталас туған еді. Бірақ әдеби аударманың шығармашылық акт ретіндегі әдемілігі де сонда емес пе: бұл – сөзбе-сөз жеткізуден гөрі көбіне қиял тұрғысынан жүзеге асатын жұмыс болғандықтан, Хан Ган аудармашысын ақтап алып шықты.

Бүгінде Хан Ганның алты туындысы ағылшын тіліне аударылған. «Ет жемейтін әйел» оны әлемге танытқан еңбек болды. Одан соң автордың қаламынан «Адам табиғаты», «Ақ кітап», «Еуропа» және «Грек тілі сабағы» шығармалары туады. «Айығу» атты қысқа әңгімесі 2013 жылы екі тілде жарық көреді.

1948-1949 жылдардағы Чеджудағы көтерілісті зерттеген қаламгер жайлы жазған «Біз айырылыспаймыз» атты ақырғы романы 2025 жылы оқырманға жол тартады.

«Ет жемейтін әйел» – күнделікті әдетке айналған қатыгездік жайлы көңілсіз хикая. Онда бір күні еттен бас тартуды шешкен қарапайым әйел Йонг-Хэнің

ҚАЙҒЫДАН ҚАЛАМЫ ҚҰТҚАРҒАН



нің өзі қорқыныш пен агрессияның нысанына айналады. Әйелдің отбасы оның денсаулығына алаңдайтынын айтқанмен, шын мәнінде оларды Йонг-Хэнің өздеріне бағынбағаны ашуландырады. Ақыр аяғында, өзін өсімдік санаған ол күн сәулесі мен судан басқа барлық қоректен бас тартады.

тушысы болса, әйел – оның студенті. Хан Ганның өзге еңбектері секілді, бұл роман да біреумен бөлісуге болатын дүние мен ешбір сөз жеткізе алмас сезімдер арасындағы нәзік әрі тұрақсыз кеңістікті көркем де ықшам проза тілімен зерттейді. Онда еңсені қандай зіл батпан қайғы басып жатса да, адамзаттың қарым-қатынасқа мұқтаждығы мен ұм-



тылысы суреттеледі. The Guardian редакциясы «Грек тілі сабағы» туындысына білдірген пікірінде: «Құдайға шүкір, Хан Ганның әйел қаһармандары осы әлемде өз орнын табуға қаншалықты күресіп жатса, қаламгердің әдеби үні де соншалықты маңызды орынға ие», – деп жазған екен.


Жазушының «Ақ кітап» атты толқынсыз толы, кей жерінде мистиканың ізі бар автобиографиялық еңбегі 2018 жылы Халықаралық Booker сыйлығының шорт-тізіміне енген. Бұл кітапта автор ақ түс әлеміне поэтикалық саяхат жасап, адам эмоциясының терең қырларын ашуға тырысады. Кітап мынадай сөзбен басталады:

«Көктемде мен ақ жаратылыс тұрасында қалам тербемек бо-

лып, мынадай тізім жасап шықтым:

Жөргек
Иткөйлек
Тұз
Қар
Мұз
Ай
Күріш
Толқын
Магнолия
Ақ құс
Тазалық
Таза парак
Ақ ит
Ақ шаш
Тыныштық».

Осылай дей келе, автордың өзі өмірге келмей тұрып, шақалақ кезінде о дүниеге аттанған әпкесі жайлы автобиографиялық



әңгімесі басталады. Уақиға құлды бір хормен баяндалатындай. Ара-арасында қаламгердің өзі ешқашан кездеспеген әпкесіне қарата сөз сөйлейді, бұл өз түптамырыңды түсініп, зерттеуге деген талпыныс тәрізді. Хан Ган бұл шығармасын Варшавада жүріп жазған деседі. Қаладағы қардың аппақтығын автор бірде тазалықпен байланыстырса, енді бірде ешқандай естелігі жоқ жадпен салыстырады. Оны қалам

кұтқарады: әпкесінің өліміне қатысты уақиғаларды қайта қалпына келтіру – жаңа өмір бастауға, қайғыны қабылдауға және алға жылжуға қадам іспетті.

«Адам табиғаты» романында бұл автобиографиялық қайғы тұтас ұлттың қайғысына айналады. Мұнда Ханның туған жері Гванчжу өңіріндегі 1980 жылы болған жаппай кісі өлтіру уақиғасы баяндалады, бұл кезде жұртқа жеккөрінішті әскери диктатор Чун Ду Хванның авторитарлық режиміне қарсы шыққан жүздеген, тіпті мыңдаған студентті әскерилер аяусыз басып-жаншып өлтірген болатын. Парадокс, иә: дәл осындай сұрқай қатыгездіктің ортасында бірлік, ар, қайсарлық, жауапкершілік секілді адамзатқа ең аяулы сезімдер оянады.

«Менің романдарым адамзат қайғысын зерделейді», – деп жазған бірде Хан Ган. Оның ойынша, оқырман бұл уақиғаны ақпарат түрінде оқып қана қоймай, кейіпкерлердің қайғысын өз қайғысындай сезінгендері дұрыс. Романның этикалық масштабы цензура таңған ұжымдық амнезияға қарсы әрекет етеді. Онда тірілер – өлілермен, қазіргі шақ – өткен шақпен, ес пен жад – цензурамен, сөз – тіл жеткізгісіз зорлық-зомбылықпен текетіреседі. Бәлкім, тірі қалу – үнсіз келісімнің бір формасы шығар?! Бірақ «Ақ кітаптағыдай», мұнда да қаламның күдіреті арқасында тыныштық «айғай-ғабасады». Жазушының рөлі – ең, ең «айтуға болмайды» деген жайттың өзін еске түсіру, жұртқа жеткізу. Тіпті, құйтақандай фрагмент түрінде болса да... Тіпті, үнсіздік формасында да... Тіпті, адамзаттан үміт үзген сәттерде де...

Хан Ганға Нобель сыйлығын әперген де оның қаламгер ретіндегі осы мықтылығы шығар.

Бүгінде Хан Ганның алты туындысы ағылшын тіліне аударылған. «Ет жемейтін әйел» оны әлемге танытқан еңбек болды. Одан соң автордың қаламынан «Адам табиғаты», «Ақ кітап», «Еуропа» және «Грек тілі сабағы» шығармалары туады. «Айығу» атты қысқа әңгімесі 2013 жылы екі тілде жарық көреді.

уақиғасы баяндалады. Кітаптың әр бөлімі әртүрлі кейіпкердің – Йонг-Хэнің күйеуінің, әпкесінің және енесінің атынан әңгімеленеді. Осылайша, автор әлгі әйелдің дәстүрлі нормадан бас тартуының отбасы қалай қабылдағанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бірте-бірте сол шешімі – зорлық-зомбылықтың, түсініспеушіліктің және психологиялық қысымның көзіне, ал Йонг-Хэ-

Нобельді тағайындайтын Швед академиясы «Ханның шарасыз жағдайдағы кейіпкерлеріне, әсіресе әйелдерге деген сұмдық эмпатиясын» ерекше атап өтті.

«Грек тілі сабағы» шығармасы анасы мен ұлынан айырылып, сөйлеу қабілетін жоғалтқан әйел мен шаңырағынан қол үзген соқыр ер адам атынан баяндалады. Ер адам ежелгі грек тілінің оқы-

КӨКЖИЕК

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Еллар ҚАБА (коллаж)

Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын Арал теңізі табанында қара алтынның мол қоры бар деген қауесет желдей есіп кетті. Елімізде игеріліп жатқан мұнай қорының таусылуға жақын қалғаны мамандарды алаңдатып, жаңа кен орнын іздеуге бет бұрды. Теңіз ұлтанын зерттеген арнайы мамандар мұнайдың мол қорын іздеп жатқанын жалпақ жұртқа жария етті. Бірақ нәтижесі қалай болды?


А Ербақыт
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бейресми мәліметке сәйкес, Арал маңында көмірсутекті жалпы қорын құрайтын 2 млрд тонна мұнай және 2 трлн текше метр газ бар екен. Сол кездері геолог мамандар Арал акваториясында 12,5 мың шаршы шақырымды құрайтын 30-ға жуық мұнай-газ кен орны болуы мүмкін екенін айтып қалды. Егер бұл көрсеткіш шындыққа жанасса, Аралдағы қара алтынның қоры Орталық Азиядағы мұнайдың 31 пайызын құрап, газдың мөлшері 40 пайызға тең болады деген сөз.

Бір жылдары тартылған теңіз ұлтанынан ұшы-қиыры жоқ қара алтын көмбесін іздеуге өзбек ағайындар да білек сыбана кіріскені мәлім болды. Бұл тұрғыда өзбек мамандары Аралдың табанында 470 текше метр газ бар екенін алға тартты. Мұны сол уақытта жергілікті басылымдар жарыса жазып жатты.

АРАЛ МҰНАЙЫ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Негізінен, Арал өңірінде мұнай мен газдың мол қоры бар екені көптен бері айтылып келеді. Нақты айтқанда, 2000 жылдардың басында Үкіметтің арнайы қаулысымен теңіз табанында геологиялық-сейсмикалық барлау жұмыстары бастау алды. Мәліметке сәйкес, алғаш бұл жұмысты «Құланды-энергоинженеринг» серіктестігі жүргізіпті. Серіктестік ол кезде Арал аумағындағы Құланды түбегіне зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алғашқы болжамдарын жасаған. Осыдан бастап жергілікті компаниялардың ықпалымен теңіз ұлтанындағы Кәукей аймағынан бірнеше ұңғымалар қазылыпты.



Бертін келе өңірдегі «Арал-мұнайгаз» кәсіпорны Арал қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіне, Мергенсай мен Аманөткен ауылдық округтерінің аумағына барлау жұмыстарын жүргізген. Осы

арқылы бұрғылаушылар қара алтынның тереңдігін бағамдап, мұнай-газ шикізатының болжамдық қорын анықтауға тырысқан.

Негізінен, Арал өңірінен шикізат қорын іздеу міндетін алған бұл мекеме сол уақытта «Қазмұнайгаз-бұрғылау» сервистік бұрғылау кәсіпорнымен келісімшартқа отырғаны да айтылып жүрді. Сол кезде бұл жобаның құны 1,13 млрд тенгеге бағаланды. Бірақ барлау жұмыстары оң нәтиже көрсетпеген сыңайлы.

Арал аумағында зерттеу-барлау жұмыстары жүргізілгенін жергілікті жұртшылық та жоққа шығармайды. Сол барлау жұмыстарына дәйек боларлық ұңғымалардың орны әлі де сақталып тұрғанын айтады.

«Бұған дейін Арал өңірінде мұнайдың мол қоры бар екені жиі айтылып жүрді. Тіпті, көршілес Өзбекстан мемлекеті де Арал теңізінің бір бөлігінен қара алтын іздеп, қарбаласқаны мәлім. Арал

Бірақ атқарылған жұмыстар оң нәтиже бермеген болуы керек. Нақты себебін білмейміз. Қазіргі уақытта аталмыш ұңғымалар игерусіз. Жалпы, Арал аумағына қара алтын қорын іздеу жұмыстары сирек те болса бой көрсетіп қалып жатады», — дейді Арал өңірінің тумасы, қоғам белсендісі Айжарық Ералиев.

Жалпы, соңғы жылдары елімізде мұнай қоры түгесілуге жақын екені жиі айтылып жүр. Соның ішінде Сыр өңірінде қара алтын қорының азайып бара жатқанын мамандар да тілге тиек етіп келеді. Мәліметке сәйкес, 2020 жылы өңірде мұнай өндіру мөлшері 4,6 млн тоннаны құраған. Ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 4,3 млн тоннаға, яғни 16 пайызға төмендепті. Шикізатты өндіру көлемі бойынша соңғы екі жылғы көрсеткіш те мәз емес. Осыған орай, өңірде жаңа перспективалық учаскелерді барлау мәселесі өзектілігін жойған тұр.

Соңғы мәліметке сәйкес, Арал шөгінді бассейнінің «Шығыс» және «Батыс» учаскелерінде геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны мәлім болды. Бұл жұмыстарға республикалық бюджеттен 6 млрд 300 млн теңге қаралыпты. Сондай-ақ биыл «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының бастамасымен «Торғай-палеозой» кен орнында терендігі 5 500 метр болатын ұңғыманы бұрғылау көзделген. Алайда бұл жұмыстар қандай нәтиже беретіні әзірге беймәлім.

Осы орайда, Арал ауданы әкімдігінен шикізат қорын іздеу нәтижесін білу мақсатында хабарласып көрдік. Бірақ аудандық кәсіпкерлік бөлімі тарапынан атқарылған жұмыстар жайында нақты мәліметпен бөлісе алмады.

Бір белгілі болғаны, Сыр өңірінде, оның ішінде Арал теңізі аумағында жер қойнауынан қара алтын қорын іздеу жұмыстары әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Барлау жұмыстарына кезең-кезеңімен бөлінген қыруар қаржыда есеп жоқ. Бірақ әзірге көңіл қуантарлық нәтиже көрінбейді.



Абай облысында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру жүйесінде үш қолдау орталығы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарындағы тәрбиеленушілер саны – 175, оның ішінде: жетімдер – 46 (26%), ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар – 129 (74%). Ата-ана құқығынан айырылған – 118 (91%), ата-ана құқықтары шектеулі – 8 (6%), сот әрекетке қабілетсіз деп танығандар – 3 (3%).

АЙМАҚТА БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

Орталықтардан жыл сайын 35-тен аса тәрбиеленуші бітіреді. Оларды дербес өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу үшін балаларды қолдау орталықтарында 9-11 сынып түлектері арасында кәсіптік-бағдарлау жұмысы және олардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету жүргізіледі. Түлектер тегін техникалық және жоғары білім алады. Сондай-ақ жатақханамен, тамақпен, киім-кешекпен, оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Көктемгі және жазғы каникул кезеңінде 2 АЕК мөлшерінде жол жүргені үшін медициналық көмек, стипендия және өтемақы беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің тәрбиеленушілерінің дербес өмірге бейімделуін жақсарту үшін облыста «Өмір мен мансапты жоспарлау»

жобасы жұмыс істейді. 2024 жылы осы бағдарлама бойынша 17 колледж түлегі жұмысқа орналастырылды. Аймақ басшысы кеңейтілген аппараттық кеңесте қаралған бұл сұрақ бойынша өз ойын ортаға салды.

«Елімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Соған қарамастан, бұл сауапты істен қоғам да шет қалмауы керек. Біздің облысымызда түрлі өнеркәсіп орындары, зауыттар, бизнес саласында еңбек етіп жүргендер жетерлік. Соларда осы шараға атсалысып, көмектерін беруге себепші болуымыз керек. Тіптен өз қалауы бойынша әр қарапайым жерлесіміз үлес қоса алады», — деді облыс әкімі.

Тұрғын үй мәселесін шешуге ерекше көңіл бөлінеді. Осы жылдың 9 айында 59 жетім бала пәтер-

ге ие болса, жыл соңына дейін тағы 26 балаға баспана беру жоспарлануда. Балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің баламалы шешімдерінің бірі «Отбасы банк» АҚ жинақтаушы шоттар ашу болып табылады.

Абай облысында 2024 жылдың ақпан айынан бастап жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау үшін «Мейірім» акциясы іске асырылуда. Бүгінде 222 бала облыстық басқармалардың, қалалар мен аудандар әкімдіктерінің бөлімдерінің, денсаулық сақтау мекемелерінің, мектептердің, колледждердің және ЖОО ұжымдарына бекітілді. Сегіз ай ішінде 87 баланың шотына 28 млн теңгеден астам қаражат түсті.

Ә.МҰХАНБЕТ

ЗЕРДЕ

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Киберспорт – жас буынды бір алаңға топтастырған, коммерциялық әлеуеті жоғары индустрия. Сала жанашырларының бастамасымен 2017 жылдың желтоқсанында елімізде Qazaq Cybersport Federation республикалық қоғамдық бірлестігі құрылған болатын. Ал 2018 жылы Халықаралық Олимпиада комитеті киберспортты ресми түрде мойындады.

Әсет ҚАЛИ

Соңғы жылдары елде киберспорт командаларын қолдаудың инфрақұрылымы белсенді түрде дамып келеді, ұлттық және халықаралық турнирлер ұйымдастырылуда, сондай-ақ ойыншыларды кәсіби дайындау бойынша бастамалар енгізілуде. Осыған қарамастан, қаржы тапшылығы, интернет-инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы себебінен қазақстандық киберспортшылардың халықаралық онлайн жарыстарға қатысуы қиындап, мүмкіндіктері едәуір шектелуде.

ӘРБІР МИЛЛИСЕКУНД МАҢЫЗДЫ

Отандық киберспортшы Әлім Тұрсынов бала кезден компьютерлік ойындарға қызығады.

«Кейіннен достарыммен бірге осылай уақыт өткізе бастадым. Әр ойын сайын өзімнің күш-қабілетімнің жететінін және дамып жатқанымды сездім. Осы салада жүрген таныстарыммен арасында түрлі жарыстар да ұйымдастырып, өзімізді жетілдірдік. Солай уақыт өте келе бір құрама ретінде маңызы бар турнирлерге қатыса бастадық. Кәсіби спортшы болу негізі ойымда болмаған, алайда уақыт өте келе мүмкіншіліктеріміздің жоғары екенін түсіндім. Сол себепті киберспортшы болуға бекіндім», – дейді ол.

Әлімнің сөзінше, елімізде бұл спорт түрі енді дамып келе жатыр. Әрине, проблемасы да жоқ емес. Отандық киберспортта пинг, яғни компьютерден жіберілген ақпарат серверге барып қайтып



КИБЕРСПОРТ ЕРІККЕННІҢ ЕРМЕГІ ЕМЕС

кідірісті миллисекундтармен өлшейді, сондықтан егер сізде 100 пинг болса, кідіріс 0,1 секундты білдіреді. Бұл аса маңызды болып көрінбеуі мүмкін, бірақ ойын барысында оның сипаты бөлек.

«Жақсы ойын көрсетуімізге пингтің жоғары болуы көп кедергісін тигізеді. Пинг неғұрлым аз болса, соғұрлым ойынның сапасы жоғарылайды», – дейді киберспортшы.

ҚАРЖЫ ҚАЙДА БОЛСА, МЫҚТЫ ОЙЫНШЫ ДА СОНДА

Қазақстандық танымал ойыншылардың көпшілігі шетелдік командаларда

бөлімінің директоры Батырхан Тоғайбаев өзінің бір сұхбатында: «Ел спортшылары 2017 жылдан бастап халықаралық аренада кеңінен таныла бастады. Жалпы, ТМД-да ең алғашқы кәсіби киберспортшылар Қазақстанда пайда болды десек те болады. Қазір өзге ел өкілдері біздің ойыншылардың мықтылығын мойындап отыр. Киберспорт – қомақты қаржы жүретін де жер. Мысалы, қазақстандық кейбір командаларға шетелдіктер трансфер жасап, 1,5-2 миллион долларға сатып алған сәттер де болды. Ал бұл әлемдегі ең қымбат келісімшарттардың біріне кіреді», – деп айтты.

ОЛИМПИДАЛЫҚ СТАТУСҚА ИЕ

Биылдан бастап киберспорт олимпиадалық сипатқа ие болды, алғашқы олимпиадалық киберспорт ойындары 2025 жылы Сауд Арабиясында өтетіні белгілі болды.



Киберспорт – қомақты қаржы жүретін де жер. Мысалы, қазақстандық кейбір командаларға шетелдіктер трансфер жасап, 1,5-2 миллион долларға сатып алған сәттер де болды. Ал бұл әлемдегі ең қымбат келісімшарттардың біріне кіреді.



келген уақыттың ұзақтығы негізгі мәселелердің бірі болып тұр. Киберспортшылар үшін ойын кезіндегі дәлдік пен жылдам реакция өте маңызды. Ал пингтің жоғары болуы ойын сапасын айтарлықтай төмендетеді. Қазақстанда серверлерге қосылу ұзақ болғандықтан, пинг жоғары деңгейде. Адамның пингті қалай сезінетінін неғұрлым анық және толық түсіндіре кетейік. Мысалға, 1 секунд = 1000 миллисекунд бар екені бәріне белгілі. Пинг шын мәнінде

өнер көрсетеді. Мысалы, еліміздің Абай «Hobbit» Хасенов, Дәурен «Adren» Қыстаубаев сынды танымал ойыншылары ресейлік Gambit Esports командасы құрамында әлемдік деңгейде жетістікке жетті. Өз кезегінде бұл шетелдік командалардың қаржылық қолдау мен жаттығу мүмкіндіктерінің тікелей әсері екені шындық.

Осы мәселеге қатысты ҚР Киберспорт федерациясы жарнама

«Бұл екі-үш ай бұрын ғана келген ой емес, екі жылдан бері электронды спорт түрін дамыту үшін қоғамдық бірлестік құру ойда жүрді және осы спорттың жарқын болашағы бар екенін айтып келемін. Үш жылдай АҚШ-та тұрған уақытта киберспорттың аса танымал екенін және үнемі турнирлер өткізіліп тұратынын білдім. Өкінішке қарай, бізге барлығы кеш жетеді», – дейді «Qostanaï Cybersport Federation» ҚБ директоры Тимур Ералин.

Әлемнің әр түпкірінде танымалдыққа ие «Dota 2», «Counter Strike 2» секілді ойындар бүгінде киберспортта бар. Cyberland PRO Team командасы жергілікті және халықаралық турнирлерде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келе жатыр. Олар ойын шеберліктері мен стратегиялық ойлау қабілетін көрсетіп жүр.

ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚПЕН ШАТАСТЫРМАУ КЕРЕК

Тимур Ералиннің айтуынша, киберспорттың дамуына кедергі болатын басты мәселе – спортшыларға жағдайдың жақсармауы.

– Жағдайдың болмау себебі, қоғам осы спорт түрінің маңызын түсінбейді. Киберспортшыларға жоғары деңгейге жету үшін күнделікті кем дегенде 8 сағаттық дайындық қажет, ал ол үшін лайықты жалақы төленуі керек. Біздің киберспортшыларымыз күнделікті 8 сағат уақытын дайындықпен өткізе алмайды, себебі тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуге мәжбүр. Лайықты жалақы төленген жағдайда ғана киберспортшылар еш нәрсеге алаңдамай дайындалып, жетістіктерге жете алады, – дейді ол.

Осы орайда Қазбек Жанғазиев те: «Әрине, ата-аналардың көпшілігі киберспорттың кесірінен баласының оқуын тастап кетуінен қорқады. Бірақ біз білімі бар, яғни күнделікті оқитын балаларды құптаймыз. Тек ойын ойнап қоймай, сабағына қатысып отыруды құп көреміз. Басқа спорт түрлері секілді, киберспорттың да жас шамасы болады. Егер шамамен ойыншы 15-16 жасынан бастап ойнаса, онда 30 жасқа келген соң орнын босатуға тура келеді. Жыл сайын жап-жас шебер ойыншылар қосылған уақытта олардың арттарынан қуып жете алмауы ғажап емес. Міне, осы кезеңде киберспортшы мектеп жылдарында қай мамандыққа қызығып жүрген болса, соған барып жұмысын істеуіне ешқандай кедергі жоқ. Ал егер осы спорт төңірегінде жүруді қалайтын болса, онда киберспортта көптеген мамандық бар. Атап өтсек, ойындарға қатысты ме-

неджер бола аласыз, турнирлерді өткізе аласыз, стример бола аласыз. Одан бөлек, осы саланың арқасында 10-ға жуық кәсіппен де айналысуға болады», – деген пікірін білдірді.

Оның айтуынша, адамдардың көбісі киберспортты ойынқұмарлармен шатастырады. Бұл екеуі бөлек ұғым. Күн-түн демей, ойын клубтарынан шықпайтын ойынқұмарлар киберспортшылар санатына жатпайды. Бір сөзбен айтқанда, олар – жұмыс істемейтін немесе оқуды керек қылмайтын ойынқұмарлар. Бастысы, осы айырмашылықты түсінуіміз керек.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР БАҚ СЫНАЙДЫ

Астанада «Үздік-2024» қалалық байқауы басталды. Сайыстың мақсаты жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға, жұмыс берушілердің назарын аударуға және түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге бағытталған. Жыл өткен сайын қалалық байқаудың жастар арасында танымалдығы артып келеді. Бұл жай ғана бәсекелестік емес, жұмысшы мамандықтарға деген көзқарасты өзгерту мен кәсіби шеберлікті дамыту үшін қолайлы орта құруға бағытталған ауқымды бастама.

А Кәмила ЕРКІН

«Байқау биыл үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Бірақ колледж студенттері бұл жолы алғаш рет қатысуда. Былтырғы жылы қатысушылар 5 компетенция бойынша ғана сайысқа түссе, осы жылы 25 жұмысшы мамандықтар арасында бақ сынаспақ. Бүгінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау мәселесі өте маңызды. Сондықтан нарықта сұранысқа ие мамандықтар тандап алынды. Ең қызығы сайысқа қатысушылардың барлығы 22 жасқа дейінгі жұмыс істейтін және кәсіптік білім алып жүрген жастар», — деп



атап өтті Астана қаласы Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Хон.

Бұл сайыс бүгінде еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды насихаттаудағы табандылықтың көрінісі. Өйткені байқауға қатысушыларға ерекше назар аударылады. Олардың арасында қараша айында WorldSkills республикалық чемпионатына дайындалып жатқан студенттер бар. Бұл байқау қатысушыларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және сәтті өнер көрсету үшін қажетті дағдыларды жақсартуға мүмкіндік беретін тамаша дайындық болады.

«Біз жастарымыздың жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін және кәсіби өсуге ұмтылғанын мақтан тұтамыз. Барлық қатысушыларға сәттілік, өз күштеріне сенімділік және жарқын табыс тілеймін!», — дейді Ақмарал Хон.

Бұл жоба аясында жыл соңына дейін 25 компетенция бойынша байқау өтеді. Сайыс соңында ең үздік деген үш жүздегер



марапатталмақ. «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығы КММ бөлімінің басшысы Әлфараби Аймақтың айтуынша, қатысушыларды бағалау CS бағдарламасын пайдалана отырып жүргізіледі.

«Бұл сарапшылар мен қазылар алқасының мүшелері қойған бағалау процесінің адал бәсекелестігі мен ашықтығын қамтамасыз етпек. Байқау студенттер мен жұмыс істейтін жастар арасында тәжірибе алмасу үшін платформа құруға, сондай-ақ Астана қаласында жұмысшы мамандықтарға жоғары сұранысты көрсетуге бағытталған», — деп бөлісті Әлфараби Нұркенұлы.

Байқауға колледж студенттері мен жұмыс істейтін жастардың бірге бақ сынауы бірлескен білім беру ісін дамытуға мүмкіндік береді. Байқауға 300-ден астам адам қатысады.

«Мен өзімнің талантымды көрсетіп, тәжірибе алмасқым келеді. Байқауға дайындық барысында тенденцияларды зерттеу, материалдармен жұмыс істеу және

түстер мен пішіндермен тәжірибе жасау жұмыстары қамтылған. Болашақта өз қабілетімді шыңдап, дамытуға, жана әдістерді үйренуді және жобалармен жұмыс істеуді жоспарлап отырмын. Мақсатым — халықаралық байқауларға қатысу және мүмкін өз студиямды ашу. Дағдыларды дамыту шығармашылыққа жаңа мүмкіндіктер берсе, ал жеңіс одан әрі жігерлендіре түседі деп ойлаймын», — дейді колледж студенті Балтабай Ержан.

2024 жылғы 9-31 қазан аралығында 10 колледжде 25 құзыреттілікте көшбасшылар анықталады. Олардың қатарында: құрылыс және жөндеу жұмыстары, аспаздық және кондитерлік өнімдер, Мейрамхана қызметі, IT-шешімдер, Шаштараз өнері, кәсіпкерлік, сондай-ақ педагогика және бала күтімі секілді салалар бар.

Іс-шара қорытындысы бойынша анықталған жеңімпаздар марапат қағазы мен сыйлықтарға ие болады. Бұл олардың одан әрі жетістіктері үшін қосымша ынталандыру болмақ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

Алматы қаласының Түрксіб ауданында, MART Village сауда-фермерлік орталығында «AMANAT» партиясының республикалық мобильді қоғамдық қабылдауы өтті.

Іс-шараның мақсаты — қаланың шалғай аудандары тұрғындарының өзекті мәселелерін тыңдау, оларды қалалық немесе республикалық деңгейде шешуге көмек көрсету, сондай-ақ заңгерлік кеңестер мен ұсынымдар беру. Қабылдау бөлмесіне 100-ге жуық адам келді, олар әртүрлі сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық мәселеден бастап заң кеңесіне дейін кеңес сұрап жүгінді.

Іс-шараға «AMANAT» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Әлия Садырбаева, «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, қалалық мәслихат депутаттары Серік Есмағам пен Зия Талғатов, сондай-ақ атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

«Бүгінгі кездесуде Түрксіб ауданының ғана емес, Алматының басқа да аудандарының тұрғындары түрлі салаға қатысты мәселелерді көтерді: әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, құқықтық даулар және тағы басқалар. Кейбір мәселелерді қалалық деңгейде шешуге болады, кейбіреулері республикалық деңгейде шешілуі керек. Мәселен, олардың бір тұрғыны әке-



сінің, еңбек сіңірген батырдың құрметіне Павлодардағы көшенің атын өзгертуді өтінді. Бұл сұрақты біз Мәдениет министрлігіне тікелей қоямыз. Қала деңгейінде де, республика деңгейінде де көптеген мәселені жедел шеше алатынымыз өте маңызды», — деп атап өтті Әлия Садырбаева.

Кездесуге келген тұрғындардың бірі компанияда қысқартылғаннан кейін жұмыссыз қалды. Ол жұмысқа орналасуға көмек сұрады. Мобильді қоғамдық қабылдау бөлмесінің арқасында Алматы қаласының Мансап орталығының өкілдері оған біліктілігі бойынша қолайлы бос жұмыс орындарының бірнеше нұсқаларын ұсын-

ды. Өтініш берушіге әңгімелесуден өту ұсынылды, сондай-ақ оған «Алтын жас» бағдарламасы бойынша қосымша көмек алу мүмкіндігі туралы кеңес берілді.

«Мен жұмыссыз қалдым және қайдан көмек сұрайтынымды білмедім. Қабылдау барысында Жұмыспен қамту қызметінің өкілдері маған қолайлы бос жұмыс орнын ұсынды, сондай-ақ жұмысынан айрылу бойынша жәрдемақы алу үшін кімге жүгінуім керек екендігі туралы нақты нұсқаулар берді. Осындай жедел көмек үшін көп рақмет!» — деді ол.

Тағы бір тұрғын заңгерлік кеңес беру туралы сұрақпен келді. Ол әркімнің заң-

герлік қызметтерге ақы төлеуге мүмкіндігі жоқ екенін және мұндай іс-шаралар адамдарға тегін көмек алуға мүмкіндік беретінін атап өтті: «Бүгін мен тұрғын үй мәселесімен келдім және маған тиісті басқармамен байланысуға бірден көмектесті. Мұндай кездесулерді өткізу өте маңызды, өйткені бұл көптеген адамдар үшін қала басшылығына тікелей сұрақ қойып, жедел жауап алудың жалғыз мүмкіндігі. Сондай-ақ мен тегін заңгерлік кеңес алдым, бұл әсіресе біздің уақытымызда, әркім адвокат ала алмайтын кезде өте маңызды».

Станислав Канкуров мұндай әдістер партия жұмысының маңызды бөлігіне айналғанын атап өтті. Олар қаланың барлық ауданында үнемі өткізіліп тұрады. Кездесулер адамдар ең көп жиналатын орындар мен базарларда, сондай-ақ ірі сауда орталықтарында өтті. Оның айтуынша, мобильді қоғамдық қабылдаулар тәжірибе көрсеткендей, қала тұрғындарының, әсіресе Алматының ең шалғай және елді мекендеріндегі проблемаларын жедел тыңдауға және шешуге мүмкіндік беретін тиімді құралға айналды.

Кездесуде көтерілген ең көп мәселелердің қатарына: жұмысқа орналасу, әлеуметтік көмек, денсаулық сақтау мәселелері, медициналық қызметтерге қол жеткізу, ТКШ, тұрғын үй, алаяқтық және заңды даулар жатады.

«AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдау бөлмесі қаланың басқа аудандарында өз жұмысын жалғастырады, осылайша Алматының әрбір тұрғыны уақытылы көмек пен кеңес ала алады.

AIQYN-LIVE

12 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Ғайни КУКАТОВА,
театр және кино актрисасы:

ӨМІРІМДІ ӨНЕРСІЗ

ЕЛЕСТЕТЕ АЛМАЙМЫН

«Түпсана және жасыл нәски» фильмі арқылы танымалдығы артқан Ғайни Кукатова осы киноның арқасында қазір сұраныстағы актрисалардың біріне айналды. Қазіргі қазақ әйелінің бейнесі, қарапайым, бояусыз тұрмысы бейнеленген фильм санаулы күндерде отандық киноиндустрияда көп касса жинаған кино болды. Осы фильмде қарапайым қазақ әйелінің өмірін үлкен шеберлікпен алып шыққан Ғайни Кукатовмен жақынырақ танысып, сұхбат алудың сәті түсті.

– Танымал актрисасыз. Театрда да, кино әлемінде де жүресіз. Уақытыңызды қалай үйлестіріп жүресіз?

– Шыны керек, жалғыз өзім отырып сұрақтарға жауап беру – мен үшін алғашқы тәжірибе. Бұғандейін бірнеше телевизиялық сұхбаттарға барып, әріптестеріммен бірге қатысатынымын. Сондықтан жеке өзімнен сұхбат алуға уақыт бөлгеніңіз үшін алғыс айтамын.

Осы жерде бір шындықты айттайын, біз қазір Атырау мен Алматының ортасында жүрген отбасымыз. Өзімнің туып-өскен жерім – Атырау. Жолдасым да атыраулық. Дәл қазіргі сәтте екі қаланың ортасында жүруіме өнерім себеп болып отыр. Қазір Алматыға әбден орналасып алдық десек те болады. Атырауға жұмыс бабыммен, кейде отбасылық шаралар үшін келіп тұрамын. Себебі қайын жұртымның барлығы Атырауда тұрады. Әрине, өнерді отбасылық өмірмен қатар алып жүрудің өзіндік жауапкершілігі бар. Мейлі театр, мейлі кино болсын, кез келген картинадағы роль арнайы дайындықты қажет етеді. Дайындық уақытты, көңіл бөлуді талап етеді.

Дегенмен мен үшін ең бастысы – ол баланс. Егер жұмысыма қатты көңіл бөліп кетсем, өзімді «жеп қоямын». «Балама

уақыт бөлмедім», «жолдасым уақыт бөлмедім», «Ғайни, сен қандай анасың?» деп өзімді соғе бастаймын. Үйде отырып қалсам, «ешнәрсеге қол жеткізбедім» деген ойлар мазалай бастайды. Мұндай ішкі күйдің құбылуы шығармашылық адамға тән де болар деп ойлаймын. Сондықтан қандай жағдайда да өзімді, ішкі әлемімді баланста ұстауға тырысамын.

– Өнер әлеміне қалай келдіңіз?
– Актриса боламын деп мақсат қойдым, кешенді жоспар арқылы осы күнге жеттім десем, томпақтау болып кететін сияқты. Актриса болу – мен үшін мамандық емес, жанымның қалауы деп айта аламын. Себебі бала күнімнен өнерге жақын болып өстім. Кино қарап отырып, кей әртістердің сөздерін, қылықтарын айна алдына барып, қайталайтынмын.

Өз-өзімді айна алдында сынап жүріп, үлкен өнер әлеміне қалай келіп қалғанымды байқамай да қалған сияқтымын. Осылайша, кішкентай кезімнен өзімді актрисалықтан басқа салада көре алмадым.

Шыны керек, ата-анам менің полиция саласында еңбек еткенімді қалады. Тіпті, оқуға түсіруге тырысып, үгіттеді де. Бірақ мен өзімді қатал тәртіп саласынан көре алмайтынымды түсіндім.

Өнер саласына келгеніме еш өкінбеймін.

– Кино әлеміне қадам басқаныңа біраз уақыт болды. Бірақ шыны керек, өзіңді «Түпсана және жасыл нәски» фильмі жаңа бір белеске көтеріп тастады десек болады. Осы киноға шақырту қалай түсті, қандай қызықты сәттер болды?

– Бұған дейін «Тоғжан», «Бір тоқсан» киноларына түстім. Күні кеше «Асау» фильмі жарық көрді. Мен үшін өзім түскен әр фильмімнің рөлі бар. Дегенмен «Түпсана немесе жасыл нәски» киносының мен үшін маңызы ерекше.

Мәселен, «Тоғжан» фильмі – демалысқа шығар алдында, ана болуға аяқ басқан кезімде жасалған түсірілім. «Тоғжаннан» кейін театрдан да, кинодағы жоба-

шығармашылық топтың барлығы кәсіби мамандар болатын. Мен үшін бұл фильм үлкен тәжірибе болды.

– Осы фильмнің көп касса жинауының құпиясы неде деп ойлайсың?

– «Түпсана және жасыл нәски» бір қарағанда комедия болып көрінгенімен, онда қазіргі өмірдің ащы шындығы жатыр деп ойлаймын. Интернетке байланған өмір, ақыл үйрететін психологтер, тренингтер, отбасындағы абюзерлік, ішкілікке жақындық, феминизм – бәрі-бәрі бір фильмге топтастырылған. Және мықты сценарий, шебер актерлар, режиссерлік мықты жұмыспен толыққанда осындай сапалы картинаның шығуы да заңды еді. Қалай десек те, өмірден алынған дүниелер халыққа өтімді деп ойлаймын.

– Феминизм деп айтып қалдыңыз, экраннан көрген Айнаш мен шынайы өмірдегі Ғайнидің арасында байланыс, ұқсастық бар ма?

– Шыны керек, Айнаш мен үшін мүлде қарама-қарсы кейіпкер болды. Сондықтан Айнаштың образын көрерменге толық беру еңбекпен келді деп айта аламын. Ұқсастығымыз – бірбет-кейлігімізде. Себебі мен де, Айнаш та кез келген дүниені тіке айта аламыз.

– Алда қандай жоспарларыңыз бар? Осымен сұхбатымызды қорытындыласақ.

лардан да бас тартып, ұзақ демалысқа шығып кеттім.

Ал «Түпсана және жасыл нәски» фильмі – менің саналы түрде өнерге қайта оралуыма себепші болған жоба. Ана атанып, сәбиім алты айдан асқаннан кейін, өзімді қамшылап, қайтадан жұмысқа шығып, жана дүниелер жасауым керек деп ойлана бастадым. Әріптестерімнің театрда жана спектакльдер ойнап, жобалар жүргізіп,

«Ал «Түпсана және жасыл нәски» фильмі – менің саналы түрде өнерге қайта оралуыма себепші болған жоба. Ана атанып, сәбиім алты айдан асқаннан кейін, өзімді қамшылап, қайтадан жұмысқа шығып, жаңа дүниелер жасауым керек деп ойлана бастадым.»

киноға түсіп жатқандарын көріп, өзімді ояттым. Сөйтіп, өзгеріс жасау мақсатында шашымды қиып тастадым.

Имиджімнің өзгеруі өнер әлеміндегі өміріме үлкен өзгерістер алып келді. Киноға шақырту алдым. Режиссер мені екі рөлге байқап көргісі келді. Бірі – «Түпсана немесе жасыл нәски» фильміндегі басты рөлдегі отбасылық жұптың оқушы қызының рөлі немесе сол Айнаштың рөлі. Бірақ оқушы қызға түрім келмеді. Айнаштың рөлін алу да оңай болмады. Үш кезеңнен тұратын кастингтен кейін Айнаштың рөлін мен алдым.

Мен үшін ең қызықтысы, кино түсірілімі болып жатқан кезде жолдасымның баланы түсірілім алаңына алып келіп жүруі болды. Режиссерден сәл үзіліске рұқсат алып, бөпемді емізіп отыратынымын. Кино қиындықсыз бір деммен түсіріліп шықты. Себебі ол жердегі актерлік құрам, жалпы

– Дәл қазіргі уақытта Атыраудағы жастар театры жана спектакльді дайындап жатыр. Театрымыз жақында ғана өз алдына дербес ғимаратты иеленді. Осындай жаңалықтар нәтижесінде театрда үлкен өзгерістер болып жатыр. Өзім кино әлеміне театр арқылы келгендіктен, театр әлеміндегі кез келген жаңалық мен үшін өте маңызды. Театрдан қол үзбей, спектакльдерде ойнап жүруімнің де себебі – осы.

Қазіргі уақытта ресейлік жобалардан ұсыныстар түсіп жатыр. Мен үшін ең бастысы – тәжірибе. Егер табиғатыма, өмірлік ұстанымдарыма қайшы келмейтін рөлдер болса, ел ішіндегі, халықаралық жобаларда да өзімді сынауға дайынмын. Мен үшін әр жоба – үлкен мектеп, тәжірибе. Сондықтан өзімді дамытудан тоқтамаймын.

Әңгімелескен
Баян ЖАНҰЗАҚ

ҒАЛЫМ
ҚҰРМЕТІНЕ
ОҚУ ҒИМАРАТЫ
БЕРІЛДІ

11 қазанда Алматыда отандық педагогика ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Күләш Құнантайқызының құрметіне оқу ғимараты беріліп, дәрісхананың ашылу салтанаты өтті.

Күләш Құнантаева – Қазақстан әйелдерінің ішінен шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы, академик. Іс-шарада профессордың құрметіне оқу ғимараты беріліп, «Қазақстандағы білім саласында әйелдердің рөлі» тақырыбында конференция өткізілді. Конференция аясында ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі жөнінде баяндама жасалды.

Педагогика ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры Перизат Байтешқызы ғалым туралы естеліктерімен бөлісіп, оның ұстаздық жылы туралы баяндады.

Сондай-ақ іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының және Педагогика ғылым академиясының құрметті академигінің жетістіктері, фотосуреттері, құжаттары мен ғылыми жұмыстары ұсынылатын көрме ұйымдастырылды. Университет ректоры Гүлмира Қанай Күләш Құнантайқызының қазақ әйелдерінің жоғары білім алуы жолында сіңірген еңбегі зор екенін атап өтті.

Шара соңында жекеменшік медициналық орталық атынан 4 студентке 3 миллион теңге көлемінде Күләш Құнантайқызы атындағы грант берілді.

С.БЕГІМБАЙ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назарұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4508
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,